
КЕРЕК КЕҢЕС
ІЗДЕГЕНГЕ ЖҰМЫС БАР
6-БЕТТЕ


АСТАНА АҚШАМЫ – 30
АСТАНА АРХИТЕКТУРАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ
8-9-БЕТТЕРДЕ


СПОРТ
ФУТБОЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛА МА?
16-БЕТТЕ



@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ASTANA AQSHAMY

ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ! 30 жыл

№84 (4053) | Сенбі | 18 шілде 2020 жыл




# БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАҺАРМАНДАРЫ

**Премьер-министрдің орынбасары, COVID-19 індетінің таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның төрағасы Ералы Тоғжанов елордадағы медициналық мекемелерге барып, Президенттің нұсқаулары мен індеттің таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия шешімдерінің орындалу барысын тексерді.**

Е.Тоғжанов алдымен амбулаторлық-емханалық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін, сондай-ақ жедел медициналық жәрдем шақыртуларына қызмет көрсететін №9 қалалық емханада болды. Бүгінгі таңда емхана 95 мың тұрғынға қызмет көрсетеді. Пандемия кезінде емханада фильтр-кабинеттер мен провизорлық бөлім ұйымдастырылды, бұл жерлерде ПТР-зерттеу үшін биоматериал алынып, сондай-ақ қажетті ем тағайындалады.

Сонымен қоса, ведомствоаралық комиссия басшысы Damumed мобильді қосымшасы арқылы іске қосылған науқастарды тегін онлайн-қабылдаудың жұмысымен танысты. Қазіргі кезде 19 ұйым осы қызметке қосылған. Болашақта Нұр-Сұлтан қаласындағы 31 медицина ұйымы онлайн-консультациялар жүргізетін болады.

*(Соңы 2-бетте)*

## 700 МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ SMS-ХАБАРЛАМА АЛДЫ

Кешеден бері елімізде 42500 теңге көлеміндегі біржолғы төлемді алуға өтініш қабылдана бастады. Бір күн ішінде төтенше жағдай кезінде төлемдер алған, қызметінің қайта шектелу мүмкіндігі жоғары 700 мың қазақстандықтарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан ең төменгі жалақы – 42500 теңге мөлшерінде біржолғы төлемді проактивті тағайындау туралы SMS-хабарлама түсті.



*(Соңы 2-бетте)*

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## ЕЛБАСЫ МЕТАЛЛУРГ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев металлургтерді кәсіби мерекесімен құттықтады.**

«Құрметті металлургия саласының еңбеккерлері мен ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Металлург күнімен құттықтаймын! Осы атаулы күні біз металлургтарға – ерлік пен зор қайрат-жігерді талап ететін мамандық иелеріне, өздерінің абыройлы да ауыр жұмысына берілген еңбексүйгіш жандарға сый-құрмет көрсетеміз. Менің өзім де домна пеші басындағы еңбекте шыңдалып, тәжірибе жинақтадым. Жұмылған жұдырықтай ұйымшылдықтың, өзара көмек пен нағыз достықтың шын бағасын білдім. Металлургия – қазақстандық өнеркәсіптің жетекші саласының бірі, онда мыңдаған жоғары білікті мамандар мен басқарушылар еңбек етеді. Олардың қажырлы еңбегі мен асқан шеберлігі еліміздің экономикалық әл-ауқатының берік негізінің бірі болып отыр. Сіздер алдағы уақытта да Қазақстанның игілігі жолындағы өз жұмыстарыңыздың барысында кәсіби жаңа биіктерді бағындыра бересіздер деп сенемін. Баршаңызға мықты денсаулық, табыс, бақ-береке тілеймін!» делінген Тұңғыш Президенттің құттықтауында.

# БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАҺАРМАНДАРЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Бұдан өзге, емханада жедел жәрдемге түсетін жүктемені жою мақсатында бес мобильді бригада ұйымдастырылған. Бұл мобильді топтар COVID-19 және пневмониямен сырқаттанған күмәнді науқастарға үйде қызмет көрсетеді, дәрігерлер тексеріп, ПТР-зерттеуден өткізу үшін биоматериал алынады және қажетті ем тағайындалады.

Сондай-ақ Е.Тоғжанов қалалық жедел медициналық жәрдем стансасына барды. 2016 жылдан бері стансада кепілдендірілген тегін медициналық қызмет көлемі аясында ауруханаға дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсетіледі. Қазіргі кезде мұнда 1414 медицина қызметкері жұмыс істейді, 80 бригада мен 124 автокөлік құралы бар. Қазір жедел жәрдем көмегіне жүгінетіндер санының азайғаны байқалып отыр. Егер 22 маусымда оған тәулігіне 4,3 мың адам жүгінсе, 16 шілдеде 1,9 мың адам жүгінген. Оның ішінде КВИ бойынша жүгіну саны тәулігіне 500-ден 254-ке дейін төмендеген. Жедел жәрдемді шақырту саны тәулігіне 3 мыңнан 1,3 мыңға дейін қысқарған.

Премьер-министрдің орынбасары бұдан бөлек №2 қалалық көпсалалы аурухананың жұмысымен танысты. Бұл аурухана – науқастарды барлық сала бойынша қабылдайтын бірден-бір емхана. Аурухана жедел медициналық көмек бойынша да, адамдардың өздігінен жүгінуі бойынша да науқастарды тәулік бойы қабылдайды. Бір тәулік ішінде орта есеппен 300-ге жуық науқас көмекке жүгінеді, соның ішінде 200 адам жедел медициналық жәрдем бойынша, 100 адам өз еркімен дәрігерге қаралады. Ауруханада індетпен ауырғандарға арналған 30 инфекциялық төсек-орын, сондай-ақ жансақтау бөлімінде қажетті медициналық жабдықтармен, оның ішінде ӨЖЖ аппараттарымен жарақталған 9 төсек-орын бар. Аурухана мамандарының штаты 1700-ден аса жоғары білікті қызметкерді қамтиды, оның ішінде 500-і – дәрігер. Аурухананың 200-ден аса қызметкері ауырған, оның ішінде 150 адам сауығып, жұмысына оралған.



Ақ халатты жандармен кездесуде Е.Тоғжанов медицина саласының барлық қызметкерлеріне алғыс білдіріп, олардың күнделікті ерен еңбегін атап өтті және оларды бүгінгі күннің қаһармандары деп атады. Лаузымды тұлғамен әңгімелесу барысында дәрігерлер әріптестерінің атынан медицина қызметкерлеріне үстемеақы төлеуге қатысты алаңдаушылықтарын білдірді, бұл мәселе бойынша Е.Тоғжанов медицина қызметкерлеріне барлық қажетті төлемдер толық көлемде аударылатынына сендірді.

Сонымен қатар, медицина мекемелерін дәрілік препараттармен одан әрі қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Бүгінгі таңда медицина мекемелері дәрілік заттармен толық қамтамасыз етілген. Ведомствоаралық комиссияның басшысы Денсаулық сақтау министрлігі мен «СҚ-Фармация» ЖШС-ке еліміздің барлық медицина мекемелерінде дәрілік препараттардың айлық қорын қамтамасыз етуді тапсырды.

# 42500 ТЕҢГЕ: ӨТІНІШ БЕРУ МЕРЗІМІ АНЫҚТАЛДЫ

**Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдың шілде айында карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты жұмыс істейтін қазақстандықтарға табысынан толық айырылған жағдайда ең төменгі жалақы – 42500 теңге мөлшерінде біржолғы төлем төленеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов жалдамалы жұмысшылар үшін тек жұмыс беруші өтініш беретінін мәлімдеді.**

Төлен **ТІЛЕУБАЙ**

– Егер Сіз жұмыстан шыққаңыз, жұмыс беруші 42500 теңге алуыңызға өтініш бере алмайды. Мұндай жағдайда халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш жазыңыз, Сізге бос жұмыс орындарын және өзге де жұмыспен қамту шараларын ұсынады. Егер жұмыс орны табылмаса, Сізді жұмыссыз ретінде тіркейді. Ондай жағдайда Әлеуметтік сақтандыру қорынан 6 ай сайын төленетін басқа әлеуметтік төлемді алуға құқыңыз бар, – деп түсіндірді ол.

**42500 теңге алуға мынадай санаттарға жататын азаматтар өтініш береді:** жалақысы сақталмаған еңбек демалысындағы жұмысшылар (бұл тізімге жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктердің, ұйымдардың қызметкерлері, мемлекеттік заңды тұлғалар (шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысшыларынан басқа), сондай-ақ жарғылық капиталының 100 пайыз акциясы және үлесі мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар кірмейді); жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, азаматтық-құқықтық негіздегі келісімдер бойынша табыс табатын азаматтық тұлғалар, бірыңғай жиынтық төлемді төлейтін азаматтар.

Министрдің түсіндіргеніндей, жалақысы сақталмаған демалыстағы жұмысшылардың тізімін жұмыс берушілер egov.kz және 42500.enbek.kz порталдары арқылы жібереді. Олардың қызметінің шектелгенін аудандық және қалалық штабтар растайды, бұл штабтардың құрамына ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен кәсіподақтар өкілдері кіреді. Басқа санатқа жататын азаматтар (жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар) өтініші өздері жібереді. 42500 теңге алуға құқылы, бірақ жалдамалы жұмысшы болып саналмайтын азаматтар egov.kz – «Электронды үкімет» веб-порталы, 42500.enbek.kz порталы, «Электронды үкіметтің» Telegram-bot-ы, Auti мессенджеріндегі 42500.enbek.kz қосымшасы, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары мен интернет-ресурстары арқылы өтініш береді.

Біржан Нұрымбетов 16 шілдедегі брифингте министрлік проактивті форматпен де төлем төленетінін хабарлады. «Өткен жолы 42500 теңге алған, қызметі шектелген азаматтарға біз СМС-хабарлама арқылы табысынан айырылғанын растауды сұраймыз. Ондай азаматтардың өтініші мақұлданған жағдайда, өтініш бермей-ақ төлем алады. Оларға ресми порталдағы өзінің мәртебесін қадағалап отыруы жеткілікті» деді министр. Сондай-ақ құзырлы ведомство басшысы өтінішті бір-ақ рет беруді тапсырды. Өйткені бір өтінішті бірнеше порталға жіберу қабылдау жүйесіне ауырлық түсіреді. Өтініш берген адамға өзінің ЖСН бойынша хабарлама келеді, одан әрі өтініштің орындалуын қарап отыру қажет. Ең бастысы, шілдеде төленетін төлемге 1 қыркүйекке дейін өтініш жіберуге болады.

**Жүктілігі бойынша демалысқа шыққан әйелдерге 42500 теңге төлеу тәртібі өзгерген жоқ.** Баласы 1 жасқа толғанша Әлеуметтік сақтандыру қорынан баланың күтіміне арналған мемлекеттік жәрдемақша немесе әлеуметтік төлем төленеді. Егер 1 жылдан кейін әйел жұмысына кірісіп, жалақысы сақталмайтын демалысқа шығып, қызметі шектелсе, онда жұмыс беруші өтініш жолдайды. Егер жеке кәсібі бар, бірыңғай жиынтық төлемді тұрақты түрде төлейтін әйел болса, қызметінің шектелуіне орай, 42500 теңге алуға құқығы бар.

**Министр студенттердің қандай жағдайда 42500 теңге алатынын және алмайтынын түсіндіріп берді.** «Жалданып жұмыс істейтін студент төлемді алуға құқылы. Ол үшін жұмыс беруші өтініш жібереді. Егер ол жеке кәсібін ашса немесе бірыңғай жиынтық төлемді тұрақты төлеп келген болса, карантинге байланысты жұмысы шектелсе, онда өтініш бере алады. Бірақ егер студент төтенше жағдай кезінде бір-ақ рет бірыңғай жиынтық төлем төлесе, бұл жолы 42500 теңге ала алмайды. Өйткені қолданыстағы заңнамаға сәйкес, студенттер халықтың экономикалық жағынан белсенді тобына жатпайды. Яғни жұмыссыз болып есептелмейді. Сол себептен біз олар ресми жұмыс істеген жағдайда ғана 42500 теңге төлейміз» деді Б.Нұрымбетов. Ол бірыңғай жиынтық төлемді бұл жолы төлеуге талап қойылмайтынын мәлім етті. «Ең басты талап – карантин кезінде қызметі шектеліп, табысынан айырылған адамдарға төлем төленеді. Ал зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және өзге де әлеуметтік төлемдер алатын азаматтарға төленбейді» деп сөзін түйіндеді министр.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### НҰР-СҰЛТАН

Елордалық 22 колледжге 2020-21 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру гранты (12 мемлекеттік, 10 жекеменшік) 4652 орынға бөлінді. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен – 3602 орын, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 1050 орын қарастырылған.

### АЛМАТЫ

Ақтаудан табылған Симба атты арыстан ұшақпен Алматыға жеткізілді. Енді оған зообақта жаңа үй салып береді. Естеріңізге сала кетейік, 25 маусымда Маңғыстау облысының Ақшұқыр ауылының жергілікті тұрғындары көшеде жүрген арыстанды көріп дабыл қаққан болатын. Жыртқыш жануарды мамандар ұстап, циркке табыстады.

### ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды медуниверситетінің студенттері провизорлық стационарларда көмек көрсетуде. Аға әріптестеріне көмектесу туралы шешімді студенттер қиын кезеңде өз еріктерімен қабылдаған. Интерндердің бір бөлігі ерікті негізде стационарларда жұмыс істейді. Басқалары фельдшер қызметін орындайды. Олар 15 күндік вахтамен қызмет етіп жатыр.

### ШЫМКЕНТ

Шымкентте пневмониямен күресте ЭКМО аппараты қолданылуда. Мамандар бұл құрылғыны ИВЛ аппаратына қосымша көмек ретінде пайдаланып жатыр. ЭКМО аппараты өкпе қабынып, жұмысы қатты нашарлаған кезде қанды оттегімен қамтамасыз етеді. Яғни адамның күре тамырларынан арнайы түтікшелер арқылы аппаратқа қосып, ЭКМО-ға құйылған қанға қажетті деңгейде оттегі беріледі.

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Петропавлда 2,5 мыңға жуық балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет беріледі. Азық-түлік және тұрмыстық химия жиынтықтарын ауылдық округ әкімдері таратады. Тұрғындар кепілдендірілген әлеуметтік пакетті Ш.Уәлиханов көшесі, 56 мекенжайы бойынша орналасқан «Магнум» сауда орталығынан ала алады.

# БАСТЫ МІНДЕТ – ТҰРҒЫНДАРҒА КӨМЕКТЕСУ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов азаматтарды онлайн-қабылдау өткізді. Қала басшысы тұрғындардың әлеуметтік баспана, медициналық көмек, жұмысқа орналасу, қосымша білім алу және тағы басқа сауалдарына жауап берді.**



Төлен **ТІЛЕУБАЙ**

«Бүгін азаматтарды онлайн қабылдадым. Бір топ аналар жұмысқа орналасу және өз кәсібін ашу мәселелері бойынша өтініш білдірді. Біздің міндетіміз – тұрғындарды жұмысқа орналастыруға, қосымша білім алуына көмектесу. Еңбектену қажет. Бұл болашақта өз ісін ашуға және бірнеше тұрғын үй бағдарламасына қатысуға мүмкіндік береді» деп жазды Алтай Көлгінов Instagram-дағы парақшасында.

Елорда әкімі азаматтарды қабылдауға арналған тұрғындардың электрондық карталарының қанатқақты жүйесі іске қосылғанын хабарлады. «Жүйе тұрғындар жүгінген мәселелерді шешу мәртебесін көруге және бақылауға мүмкіндік береді» деп түсіндірді А.Көлгінов. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына кошу жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында елорда басшысы биыл 500-ден аса адамды жеке қабылдады. Өтініштердің бір бөлігі қабылдау кезінде шешімін тауып, қалғаны бақылауға алынды.

# «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫДЫ

**Биыл елордада «Жасыл ел» жобасының аясында 1200 жасты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Тиісті жұмыстар екі айдай бұрын басталды. Қазірге дейін мыңға жуық жас жұмысқа орналастырылды. Жобаға 14-29 жас аралығындағы кез келген санаттағы жастардың қатысуға мүмкіндігі бар.**

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**



– Қазіргі уақытта негізінен көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан жастар кеңінен еңбекпен қамтылып жатыр. Олар үш санат бойынша жұмыс істейді. Оның біріншісі – көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 14-17 жасар жастар. Екінші санатқа 17-22 жас аралығындағы студенттер жатады. Үшінші санатқа ересек топ, яғни жұмыссыз жастар кіреді. Олардың жасы – 18-29 аралығында, – деді Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Бақытжан Жүнісбеков.

Оның айтуынша, алғашқы санаттағылар кәмелетке толмаған жастар болғандықтан, Еңбек кодексіне сәйкес олар күніне 4 сағаттан артық емес, аптасына 5 күн жұмыс істейді. Бұл жастар қаладағы саябақтарды, өздері оқитын білім ошақтарын, оған жақын маңды көгалдандыру ісін атқарып жатыр. Ал студенттер қаланың саябақтарын «Астана көгалдандыру құрылысы» компаниясымен бірлесіп көркейтуге тартылды. Сондай-ақ құрылыс нысандарында еңбек етеді. Кәмелетке толмағандардың жұмыс уақыты 4 сағаттан аспайды, ал 18 жастан асқандар 6-8 сағат еңбек етеді.

– Карантинге байланысты санитарлық қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында бір жерге шоғырланып жұмыс істеуге жол берілмейді. Ашық аспан астындағы жұмыстың арақашықтығы 2 метрден кем болмауы керек. Жобаға қатысушы жастар бетперде, қолғап киіп жұмыс істейді. Сол сияқты ауа райы да ескеріледі. Егер қолайсыз болса, алгоритмге сай жұмыс уақыты қысқартылып, кейінге шегеріледі, – дейді бөлім басшысы.

Кәмелетке толмағандар бір ай көлемінде жұмыс істесе, ересектер үш айға дейін еңбек етеді. Әрбір жас азаматпен келісімшарт жасалып, онда көрсетілген қауіпсіздік талаптары міндетті түрде сақталады. Жастар өздері жұмыс істейтін орыннан жалақы алса, «Жасыл ел» жобасы қосымша 35 мың теңге көлемінде сыйақы тағайындады. Бұған қоса, отандық компания шығарған арнайы киім беріледі.

Өткен маусым айында «Астана орманы» ЖШС-ке 94 жас жұмысқа орналастырылса, осы шілдеде 126 жас азамат осы мекемеде жұмыспен қамтылды. Жастар қала маңындағы жасыл белдеуде және шаһар аумағында еңбек етіп, ағаштар мен көшеттерді қопсыту және суару, оларға күтім жасау жұмыстарына өз үлестерін қосып келеді. Осында еңбек етіп жүрген жастар 90 мың теңге жалақыға қоса, «Жасыл ел» жобасына арнайы бөлінген 35394 теңге сыйақыға ие болып, жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Маусым айының қорытындысында қалада «Жасыл ел» жобасы бойынша жалпы алғанда 961 жас жұмысқа орналастырылды.

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Қытайдан Атырауға 47990 медициналық тауар жеткізілді. Оның ішінде 1600 медициналық қорғаныш комбинезоны, 3700 қорғаныш көзілдірігі, 8200 бір реттік қолғап, 50 сенсор термометр, 5700 медициналық және 29040 хирургиялық маска бар. Бұл тауарлар Денсаулық сақтау басқармасының қоймасына жіберілді.

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Көпбалалы ана Мейрамгүл Мұқаева Алматы облысындағы Панфилов аудандық аурухананың провизорлық бөлімінде ауырып жатқан науқастарға күнде 10-15 литр тегін саумал таратып жатыр. «Қазір еліміз қиын кезді бастан өткізіп жатыр. Жерлестерім, жақындарым ауырып жатқанда менің қолымнан келетін көмегім – осы. Сондықтан ауруханаға көмек етейін деп шештім» дейді ол.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Облыста «Біз біргеміз» шарасы аясында 30 мың адам 1,5 миллиард теңгенің материалдық көмегін алды. 78 мың тұрғынға 930 миллион теңгенің азық-түлігі және тұрмыстық жиынтықтары жіберілді. Сондай-ақ облыстың қалалары мен аудандарында 470 мың маска таратылды.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### ҚАРАБАҚТА ҚАНТӨГІС БОЛЫП ЖАТЫР

**Армения және Әзербайжан арасындағы атыс 16 шілдеде қайта жалғасты. Екі елдің шекарасындағы атыс 12 шілдеде басталып, үш күнге созылған. Баку 11 әскерінен, Армения 4 жауынгерінен айырылды.**

Бірнеше ел мен халықаралық ұйымдар жағдайға алаңдаушылық білдіріп, Армения мен Әзербайжанды диалогқа шақырды. Өткен тәулікте Түркия қорғаныс министрлігі Әзербайжанды қолдауға дайын екенін ескертken еді. 1988-94 жылдары Әзербайжанның Таулы Қарабақ ауданында соғыс болып, 30 мыңға жуық адам қаза тауып, жүздеген мың жұрт босып кеткен. Армяндар көп тұратын Таулы Қарабақ соғыстан кейін, 1988 жылы Әзербайжаннан бөлініп, тәуелсіз өмір сүріп жатыр.



### ВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНА

**Американдық Moderna компаниясының коронавирусқа қарсы вакцинасының сынағына қатысқан еріктілердің бойында ауруға қарсы иммунитет пайда болған. Сынақ нәтижесі New England Journal of Medicine басылымында жарияланды.**

Сынақ 16 наурызда басталған еді. Оған 18-55 жас аралығындағы дертке шалдықпаған 45 ерікті қатысты. Зерттеу қорытындысы еріктілердің ағзасында коронавирус инфекциясын жоятын антидене молекулалары пайда болғанын көрсетті. Вакцина араға бір ай салып екі рет егіледі. Алайда сынақ қатысушыларының жартысынан астамынан қалжырау, бас ауруы, қалтырау, дене қызуы және бұлшық ет ауруы байқалған. Сынақтың үшінші кезеңі 27 шілде басталып, оған 30 мың адам қатысады.



### ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

**Еуропа елдері коронавирустың екінші толқынына дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Биыл кәрі құрлықта тұмауға қарсы екпе шараларын ерте бастау ұсынылды. Еурокомиссияның вице-президенті Маргаритис Схинастың айтуынша, қазір індеттің таралуы тежелгенмен, күз айларында ахуал қайта ушығуы мүмкін.**

Әлемде індет жұқтырғандардың саны 14 миллионға, қайтыс болғандар саны 600 мыңға жуықтады. Ал Қазақстанда ресми дерек бойынша 67 мыңға жуық адам індет жұқтырып, 375 адам көз жұмды. Алайда індет жұқтырғандар мен бақылық болғандар бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін.

Қалиақбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**







# START UP ЖОБАЛАРЫ СЫНАҚТАН ӨТТІ

**Нұр-Сұлтан қаласында Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркінде Demo Day бойынша акселерация бағдарламасының қорытындысы жарияланды.**

Сарапшылар талқылауына e-commerce, білім беру, виртуалды және толықтырылған шындық, финтех, жылжымайтын мүлік, компаниялардың бизнес-процестерін автоматтандыру және т. б. салалар бойынша жобалар ұсынылған еді. Сынақтан сәтті өткен 13 стартап солардың ішінен іріктеліп алынды.

Карантин жағдайына байланысты Demo Day алғаш рет онлайн өткізілді. Әйтсе де үздік деп танылған стартаптардың тұсаукесерін интернет желісі арқылы бақылауға болады. YouTube платформасындағы технопарктің ресми парақшасында іс-шараның көрсетілімі ұйымдастырылды. Айтулы шараға қазақстандық инвесторлармен бірге шетелдік бизнес өкілдері де қатысқан.

– Біз алғаш рет акселератор бағдарламасын онлайн-форматта өткіздік. Әрине, бұл шешімнің артықшылықтары көп: қатысушылар үрдістен қол үзбей әлемнің кез келген жерінен бағдарламаға қатысты. Әлемдегі және еліміздегі күрделі қаржылық және экономикалық жағдайға қарамастан, 31 жобаның 13-і өз өнімдерінің сатылымын айтарлықтай ұлғайта алды. Оған қоса, біздің трекерлер және кураторлармен жұмыс істеген кейбір жоба алғашқы сатылымдарын жасады, – деді Astana Hub атқарушы директоры Әділет Нұрғожин.

COVID-19 пандемиясының экономикалық және қаржылық салдарына қарамастан, Astana Hub акселерация бағдарламасы өткізілген үш ай ішінде стартап-жобалар өз сатылымдарын 28,7 миллион теңгеге көбейтіп, сатылымның соңында олардың жалпы сомасы 114 миллион теңгеден асты.

Акселерация легінде EdTech саласымен байланысты жобалар көп болыпты. Оған білім беру саласында мектептер мен жоғары оқу орындарының қашықтан оқу форматына көшуі, IT-компаниялардың қызметіне жүгінуі, оқу барысында виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын қолдануы және т. б. жайттар әсер еткен.

– EdTech саласында Oquda, Oqylyq, Able және In-Vr сияқты жобалардың көптігі қуантпай қоймайды. Мысалы, Able – Data Science және веб-дизайн бойынша қашықтан оқыту курстары. Google-да жұмыс істейтін оқытушылардан Able арқылы балалар XXI ғасырдың сұранысына сай мамандықтардың үш жылдық бағдарламаларын 6 ай ішінде-ақ меңгеріп шығады. In-Vr стартабы осы жылдың күзінде виртуалды және толықтырылған шындық технологиясы арқылы магистранттарды оқыту бағдарламасына енгізіледі, – деді Әділет Нұрғожин.

Отандық стартаптардың жаңашыл идеялары еліміздің экономикалық және әлеуметтік салаларын айтарлықтай жетілдіре түсуге игі әсер ететіні сөзсіз. Сол арқылы нарықта жаңа өнімдер пайда болады, қосымша жұмыс орындары құрылады, қазақстандықтардың әл-ауқаты артады. Әрине, әзірге стартап-жобалардың инвестициялармен қамтамасыз етілуі туралы айтуға ерте. Әйтсе де Astana Hub командасы осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізгенін айта кеткен жөн.

– Акселерация 7.0 бағдарламасына қатыспай тұрып, бізде IT-мамандар үшін кешенді шешімі бар платформа болған. Клиенттер көп болмаса да, оларға жүйені сату үшін көптеген тұсаукесерлік көрсетілім кезеңнен өту қажет еді. Алайда акселерация кезінде біздің трекерді қолданған кезде бағдарламалаушысыз автономды түрде жұмыс істей алатын бұлтты, шағын және тез бейімделетін сервистерді жасау керегін түсіндік. Нәтижесінде акселерация кезінде Aspans Object сервисі құрылды. 3 айдың қорытындысы бойынша біз жаңа клиенттермен келісімге қол қойдық және өз өніміміздің сатылымын 60 пайызға арттырдық, – дейді Aspans стартап-жобасының бас директоры Ержан Қадырсызов.

Astana Hub баспасөз қызметінің хабарлауынша, акселератордың келесі легі осы жылдың 15 шілдесінде басталды. Айта кетейік, акселерация бағдарламасы – стартаптармен жұмыс істеудің ең тиімді жолы. Соның нәтижесінде үздік деп танылған жобаларға қызығушылық білдіретін отандық және шетелдік инвесторлардың қатары әдетте көп болады. Бірақ акселерацияның негізгі мақсаты – инвестиция тарту емес, стартап-командалардың алатын білімі мен машығы. Яғни аталған шараларды өткізу арқылы оған қатысушылардың тәжірибе жинақтауының, біліктіліктерін дамытуының маңызы одан да зор.

Бетті дайындаған
Дәулет АСАУОВ

# ЕСКІ АУЛАЛАР ЖАҢАРТЫЛАДЫ

**Астананың аула-көшелерін абаттандыру жұмыстары жылда жүргізіледі, биыл тіпті індеттің өршуіне қарамастан, ол бұрынғысынан да ерекше қарқынмен қолға алынды. Сөйтсе де Нұр-Сұлтан қаласында әлі жөндеу көрмеген, әбден тозығы жеткен аулалар да бар.**

Үлкен мегаполистің проблемасы да үлкен болатындығы заңды. Солардың бірі – Ақмола кезінен, тіпті сонау Целиноград заманынан қалған ескі үйлердің аулалары. Өзі де сұрықсыз ғимараттардың күтім көрмеген сұрқай аулалары балалар ойнайтын алаңқайдан гөрі көшкен жұрттың орнындай болып көңілге кірбің үйіреді. Ескі әткеншек, тот басқан сырғанайтын төбешіктер, қирап-сынып қолданыстан шыққан спорттық құрылғылар тұрғындардың наразылығын тудырады. Осы олқылықтарды түзеу үшін қалалық әкімдік биыл ұсқыны кеткен бірталай аулаларды жөндеуді жүзеге асырып жатыр.

– Балалар ойнайтын алаңның тозығы жеткен, оны ешкім жөндеп-жаңартпайды. ПИК-ке де, әкімдікке де шағымдандық, ешқандай нәтиже жоқ. Ойын құрылғыларының көбі ілдебайлап әзер тұр. Бір күні сынып кетіп, біреуді басып қала ма деп балаларымыз үшін қорқамыз. Байқап жүріңдер деп күнде ескертіп, құлақтарына құйып отырамыз. Бірақ бала деген ескертуге қарай ма, ойын қызығына кіріскен соң, айтқандарымыздың бәрін ұмытып кетеді, – деп алаңдаушылығын білдірді қала тұрғыны Ғалым Малтабаров.





Қалалықтардың алаңдаушылығы түсінікті. Осыған орай, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайтына көз салғанымызда, онда ағымдағы жылы 150 аула мен 50 қоғамдық кеңістік, яғни саябақтар мен гүлзарлар абаттандырылады делінген. Жоспар бойынша Байқоңыр ауданында – 50, Сарыарқа ауданында – 40, Алматы ауданында – 33, Есіл ауданында 20 аула жөндеуден өткізілмекші. Бүгінде елордада 1560 аула бар. Оның 70 пайызы абаттандырылған.

– Биыл бұған дейінгі жылдармен салыстырғанда үй ауласындағы балалар алаңдарын көптеп жөндейміз. Мұның бәрі тұрғындар үшін жасалып отыр. Бірақ келесі жылы бұл жұмыстардың көлемі азаюы мүмкін. Ал әзірге нақты санын айта алмаймын, – деді қалалық урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен.

Елорданы абаттандыру жұмыстары қала елорда мәртебесін алғаннан бері тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Дегенмен қаланың байырғы бөлігіндегі немесе шеткі аймақтарындағы үйлерді аралағанда ескі аулаларды әлі де кездестіруге болады. Әкімдіктің коммуналдық қызметтері алдағы күндері олардың бәрін жаңартып, жасартып, жасандырып қоямыз деп білек сыбанып отыр.

# ПНЕВМОНИЯ МЕН КОРОНАВИРУСТЫҢ ЕСЕБІ БІР

**Елімізде өткен аптадан бері шу болған пневмония мен коронавирус статистикасын біріктіру мәселесіне кеше нүкте қойылды. Екі дерттің мәліметтеріндегі ашықтықты қамтамасыз ету үшін олардың есебін біріктіру туралы шешімді ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.**



Райхан РАХМЕТОВА

«Жинақталған клиникалық тәжірибелер зерттеуі осы аурулардың ұқсастығы барын көрсетті. Сол себепті оларды емдеудің бірыңғай тактикасын қолдану керек. Өткен аптада біздің министрлікке ДДСҰ-ның коронавирус жағдайларын жаңа форматта классификациялау және тіркеу жөніндегі ресми хабарламасы келді, соның аясында осындай шешім қабылдадық» деді ол. Коронавирус бойынша жаңа статистика биыл 1 тамыздан бастап жүргізілетін болды.

### «БЕЛГІСІЗ ПНЕВМОНИЯНЫҢ» ЗАРДАБЫ БАСЫМ БА?

Қытай бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанда коронавирустан да қауіпті «белгісіз пневмония» таралуда деп хабар таратқалы елден дегбір кетті. Оның үстіне қазақстандық кейбір БАҚ-тар әр түрлі шетелдік және қазақстандық тәуелсіз медицина мамандарының асқынған пневмонияның коронавирус екенін растайтын пікірлерімен желіні толтыруда. Алайда еліміздің денсаулық сақтау министрлігі бұл пікірді жоққа шығаруда.

Қазақстанда «белгісіз пневмония» шықты деген пікірге қатысты мәселе еліміздің сыртқы істер министрлігі көлемінде көтерілді. Forbes.kz аталған министрлік Қытайдың Қазақстандағы елшісін еліміздің денсаулық сақтау министрімен байланыстырып, соның нәтижесінде Қытай тарапына көңіл көншітерлік жауап берілгенін жазды. Сонымен қатар денсаулық сақтау вице-министрі Людмила Бюрабекова да өткен брифингте айтқан сөзінде пневмонияның өршуінің себептері әлі де белгісіз екенін, еліміздің 4 өңірінде зерттеу жүргізіліп, пневмонияға шалдыққан науқастардан сынама алынғанын айтты. Соның нәтижесінде «стрептококки, стафилококки, энтерококки және зең ауруы» сияқты бактериялық инфекциялар табылған.

– Яғни, бұл пневмония тұмау грипі немесе парагрипп арқылы таралмағанын білдіреді. Бірақ әлде де нақтылау үшін зерттеудің екінші кезеңін бастадық. Ол алдағы екі аптада аяқталады. Екіншісінде зерттеуге алынатын өңірлерді көбейтіп, антидене қалыптасқан-қалыптаспағанын білу үшін қан талдамасын да зерттеуге қостық. Нәтижені бәрі біткесін жариялаймыз. Сонымен қатар қазір халықаралық ұйымдармен, ДДСҰ-мен келіссөздер жүргізілуде. Себебі бүгінгі таңда ДДСҰ ұсынымы бойынша статистикаға тек қана ПТР тестінің нәтижесі бойынша расталған науқастар ғана алынады. Біз сұрау салдырдық, жақын уақытта ұйымнан жауап келеді. Қалай дұрыс есептеу керектігі сол келіссөздер барысында шешіледі. Әр елдің статистикасы мен есепке алу жолы әр түрлі. Біз бір ізге түскен жолда, барлық елмен бірге қозғалуды көздейміз, - деді вице-министр.

«Белгісіз пневмонияның» коронавирус екендігі туралы Швейцарияның Лисс қаласында тұратын қазақ терапевт-дәрігер Серік Тұрсын пікір білдіріпті. Оның айтуынша, бүкіл әлем Қытайдан шыққан вирусты ғылыми тұрғыда компьютерлік томографиямен анықтап жатыр. Оны «матового стекла» синдромы, яғни өкпенің қабынуы немесе ақ өкпе, сүт өкпе деп атайды екен. Себебі өкпеде ақ дақ пайда болады. Мұны тек КТ ғана көрсете алады. Осы анықталған дертке әлемде «коронавирус» деген диагноз қойылды. «Ал Қазақстандағы жақындарымнан он шақты рет келген КТ нәтижелерінің бәрінде осы «Матовое стекло» деп жазылып тұр. Бұл дегеніміз – коронавирус. Ал қазақтар оны пневмония деп жүр» дейді ол nege.kz-ке берген сұхбатында. Қазірде қазақстандық емес қазақ дәрігері атамекенінде пневмониямен 98 мыңнан аса адам ауырып отырғанын айтып отыр. Оның айтуынша, ПТР тестінің 30 пайызы қате шығады.

### БІР ДӘРІГЕРГЕ 7 МЫҢ АДАМНАН КЕЛЕДІ

Емханадағы учаскелік дәрігер телефон соқса неге алмайды? Қазір үйден емделіп жатқан көп науқастың өкпесі осы. Осы сұрақты елордалық емхана дәрігерлерінің біріне қойғанымызда, олар бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету қызметіне аса үлкен салмақ түсіп, әр дәрігер күніне 40-45 телефон қоңырауын қабылдап жатқанын жеткізді.

Жоғары санатты дәрігер, тәуелсіз сарапшы, №13 қалалық емхананаың жалпы практика бөлімшесінің меңгерушісі Гүлнар Махатова басқаратын ұжымда 10 учаскелік бөлім бар. Сәйкесінше, мұнда 10 дәрігер болуы керек. Бірақ эпидемиологиялық ахуал асқынғаннан бастап 7 дәрігер стационарларға, модульдік орталыққа, тубдиспансерге уақытша көмекке жұмылдырылған. Сонда қазір мұнда қалған бар болғаны 3 дәрігерге әрине ауыр жүк түседі. Олар еңбек демалысы дегенді ұмытып, үздіксіз жұмыс істеуде. 1 дәрігердің қызмет көрсету аукымы орташа есеппен 1600 адамды құрайды, бұл қалыпты көлем, ал бүгінгі жағдайда олардың әрбіріне 7000 адамнан келіп тұр.

> **Лисс қаласында тұратын қазақ терапевт-дәрігер Серік Тұрсынның пікірі: бүкіл әлем Қытайдан шыққан вирусты ғылыми тұрғыда компьютерлік томографиямен анықтап жатыр. Оны «матового стекла» синдромы, яғни өкпенің қабынуы немесе ақ өкпе, сүт өкпе деп атайды екен. Себебі өкпеде ақ дақ пайда болады. Мұны тек КТ ғана көрсете алады. Осы анықталған дертке әлемде «коронавирус» деген диагноз қойылды. «Ал Қазақстандағы жақындарымнан он шақты рет келген КТ нәтижелерінің бәрінде осы «Матовое стекло» деп жазылып тұр. Бұл дегеніміз – коронавирус. Ал қазақтар оны пневмония деп жүр»**

– Неге алмайды деп бізге шағым айтады. Біздің айтарымыз – қоймай соғыңыздар. Таңертеңнен кешкі 8-ге дейін істейміз. Қазір телефонымыз халықтың соққан қоңырауларынан жарылғалы тұр. Оларға кезегімен жауап беріп, қызмет көрсетудеміз. Міне дәл қазір сізге сұхбат беріп жатқанда да телефон қатарынан соғылып, есікке де тыным жоқ. Телефон қоңыраулары әлі толассыз түсуде. Тек осы 8 шілдеден бері қарай олардың саны біршама азайды, - дейді дәрігер.

Дәрігердің айтуынша, қала тұрғындары негізінен ЖРВИ, қызу көтерілу және басқа да респираторлық белгілер бойынша хабарласады. Олардың көбі сөйлескенде бастапқыда қатты үрейленіп, қорқа беретін. Сондықтан пациенттермен тек учаскелік дәрігер ғана емес психолог та жұмыс істейді. «Паника» жасаған науқастар сосын барып тыныштала бастайды екен.

Нұр-Сұлтан қаласы бас санитар дәрігерінің қаулысына сәйкес 23 маусымнан бастап қаланың барлық бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін емханалары онлайн форматтағы қызмет көрсетуге көшірілгені белгілі. Дәрігерлер өз жұмыс орнында телемедицинаны қолдана отырып және телефон соғу, бейне байланысқа шығу арқылы консультация беруі керек. Маусым айының аяғында тұрғындар тарапынан хабарласушылар өте көп болды. Науқастарды тіркеп, сұрақтарына жауап және дәрігерлік ұйғарымдар бермес бұрын олар мессенджерлерге чек-парақтар жіберуі қажет. Онда науқастар қан қысымы, дене қызуы, дем алу жиілігі, жүрек соғысы туралы деректерін толтырып береді. Дәрігер сол арқылы олардың одан арғы жағдайының динамикасын бақылап отырады. Бөлімше меңгерушісі тіркеуде тұрған ондай пациенттерге таблетка түріндегі тегін дәрілерді үш айға жазып береміз дейді. Дәрілерді бастапқыда медбикелер арқылы апарып берсе, қазір әкімдік тарапынан көмекке жұмылдырылған еріктілер өз көліктерімен науқастардың үйіне жеткізуде.

– Алда үлкен жұмыстар күтіп тұр. Бұған дейін тіркелген науқастардың ішінде дерттің жеңіл және орта дәрежедегі түріне шалдыққандарды 6 ай бойына, ал ауыр түрін өткергендерге бір жылға дейін реабилитация жүргіземіз. Ал ауру белгісі енді анықталғандарға айтарымыз – егер дене қызуыңыз көтеріліп, бұлшық еттеріңіз ауырса, миалгия, ЖРВИ белгілері болса үйде қалып емделесіз. Дәрігеріңізбен хабарласыңыз. Ем хаттамаға сай жүргізіледі. Оны барлық дәрігер жақсы біледі. Бастапқы симптоматикалық емдеу кезінде ем үйде жасалады. Бұл кезеңде тамақ, мұрынды жиі шайып, сұйықтық, су көп ішеміз. Дене қызуы 39,5 градустан асса ғана температураны парацетамолмен түсіреміз. Лимон, таңқурай қосылған шәй іше беріңіздер. Қалған емді дәрігер айтады, - деді меңгеруші дәрігер.

Бұл №13 емхана бойынша көрсетілген қызметтер болсын делік. Ал жеке пікірін айтқан кей науқастар өз емханаларында жоғарыда аталған көмек түрлерінің толық көрсетілгенін жоққа шығарды.

**Любовь РОМАНОВА,**
№10 емханаға қарасты науқастардың бірі:

*– Мен ешқандай бейне консультация дегенді көрген емеспін. Мүмкін ол сәл ауыр түрлеріне арналған шығар. Маған жалпы осы аралықта дәрігерім тек бір-екі рет телефон соқты. Сипмтомдарым туралы біліп, тағайындауларды ватсапқа жіберді. Екі аптадан кейін тағы соғып, әлі де қызуым бар дегеніме қарамастан тіркеуден шығаратынын, енді терапевтке қаралуым керектігін айтты. Ал рентгенге өзім түсіп, бронхит анықталғанын айтқанымда, дәрігерім бұл бронхит ауруы өзінен өзі кетіп қалады деді. Дертім жеңіл және орта деңгейіне жатады. Қайта туыс дәрігер апайым екпе салдырып тез жазылдым, әйтпесе мұның арты пневмонияға ұласып кетуі мүмкін екен.*

**Мәдина ӨМІРӘЛИЕВА,**
науқастардың бірі

*– Бейне консультация дегенді көрмек түгілі, дәрігерімді өзім соңынан қуып жүріп зорға сөйлестім. Телефонын алмайды. Бір алғанында рецепт жазып берді, мынаны іш деп. Болды, басқа дым істеген жоқ. Сол бойы ол еңбек демалысына шығып кетті, жазсам жауап бермейді. Қайта оның орнына келген жігіт аз да болса хал-жағдайымды сұрап, хабарласады. Дәрі-дәрмек те берген емес маған, өзім сатып алдым, менде де жеңіл түрі деп айтты.*

Жалпы әлеуметтік желіде өз жағдайы туралы жазып жүрген науқастардың айтуынша, жедел жәрдем шақырып опа таппайсың. Өз учаскелік дәрігерлері де дұрыс жауап бермей, басқа жеке медициналық ұйым мамандарынан немесе дәрігер туыстарынан қолдау көргендер бар. Бұл жағдай кімге қалай тиюде? Учаскелік дәрігерлер жұмысын тағы жоққа шығара алмайсың. Әдетте әлеуметтік желіде басынан өткен оқиғасымен аурудан емделіп шыққандар жазады, яғни бұл науқастарда дерт жеңіл немесе орташа деңгейде өткен. Ал амбулаторлық деңгейде, жедел жәрдем қызметінде де мамандар негізінен дерттің өте ауыр түрлеріне шалдыққандармен жұмыс істеуге уақытты көп арнайды деген сөз.

КЕРЕК КЕҢЕС



# САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

**Елімізде COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуына байланысты жұмыссыздық мəселесі өзекті болып отыр. Халықты жұмыспен қамту аясында қандай мемлекеттік жобалар жүзеге асырылуда? Жұмысқа орналасудың оңай жолы қайсы? Аталмыш сұрақтар төңірегінде Нұр-Сұлтан қаласы əкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының баспасөз хатшысы Аймира Муксуловадан жауап алдық.**



Халықты жұмыспен қамту орталықтарының негізгі мақсаты – азаматтар мен жұмыс берушілерге еңбек делдалдығын көрсету, жұмыспен қамтуға жəрдемдесудің белсенді шараларын жүзеге асыру, жұмыссыздықтан əлеуметтік қорғауды ұйымдастыру. Бүгінде елордалық орталық аталмыш бағытта «Еңбек», «Жұмыспен қамтудың Жол картасы», «Жастар тəжірибесі» мен «Қоғамдық жұмыстар» мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруда.

**«2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтудың Жол картасы»** мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қазіргі уақытта 3137 адам жұмыспен қамтылған. Нұр-Сұлтан қалалық жұмыспен қамту орталығы 7 628 адамға жұмыс беруді жоспарлап отыр. 101 ұйыммен ниет хаттамасы жасалды. Елорда тұрғындары əр түрлі салада іске қосылған 95 инфрақұрылымдық жоба бойынша жұмысқа тұра алады.

Ал, жұмыспен қамту жəне жаппай кəсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған **«Еңбек»** мемлекеттік бағдарламасы аясында кəсіптік оқыту, жастар тəжірибесі, қоғамдық жұмыстар, əлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант беру, жəне шағын несиелеу бойынша кеңес беру жұмыстары жүзеге асырылады. Қысқа мерзімді кəсіптік оқыту бойынша барлық ақпараттар ХЖҚО-ның Instagram жəне Facebook парақшаларында жарияланады.




### «Жастар тəжірибесі»

Мақсаты- мамандық бойынша бастапқы жұмыс тəжірибесін беру. Бұл бағдарламаға арнайы меңгерген кəсібі (мамандығы) бойынша техникалық жəне кəсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, 29 жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздар қатыса алады. Тəжірибе 6 айдан аспайды.

### «Қоғамдық жұмыстар»

Қоғамдық жұмыстар – халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскердің алдын ала кəсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін əлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері. Денсаулыққа зиян келтірмейтін жəне оқу үдерісін бұзбайтын жұмыстарға жазғы демалыс кезеңінде студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары жəне жұмыссыз азаматтар өтінім бере алады. Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы 12 айдан аспайды.

Естеріңізге сала кетейік, COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, жұмыспен қамту орталығы (Бейбітшілік көшесі 25 ) жəне «Жанұя» орталығы (Бейбітшілік көшесі 14) қашықтан қызмет көрсетеді. Азаматтар барлық қызмет түрлерін ХЖҚО-ның электрондық поштасы жəне мобильді байланыс құралдары арқылы онлайн ала алады.

Ол үшін:

1) 57-88-88 нөміріне қоңырау шалу

2) қажетті қызмет санын таңдау

3) маманмен байланысу қажет

Қызмет түрлері туралы қосымша ақпарат ХЖҚО-ның əлеуметтік желілерінде (fs: @cz.astana.kz, inst: @czn_astana) қолжетімді.

Дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**





## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

*Жүк көлігінің жүргізушісі* – еңбекақы 180 000-230 000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша кемінде 1 жылдық жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті.
Байланыс деректері:
n.kagermanova@bazis.kz,
+7 (717) 268 81 02,
+7 (701) 576 48 00

* * *

*Дəнекерлеуші* – еңбекақы 210 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті. Бойында төзімділік қабілеті болуы шарт.
Байланыс деректері:
astanaprom_09@mail.ru,
+7 (717) 269 56 27,
+7 (701) 262 46 51

* * *

*Сарапшы, С-5 санаты* – еңбекақы 104 000-140 691 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі маңызды емес, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндеттелмейді. Қазақ, орыс тілдерін білсе жеткілікті.
Байланыс деректері:
m.aimenova@mz.gov.kz,
+7(717) 274 32 45

* * *

*Бастауыш мектеп мұғалімі* – еңбекақы 286 000-429 000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті. Білім деңгейі жоғары, қазақ, орыс тілдерінде еркін сөйлеуі қажет.
Байланыс деректері:
info@cep.nis.edu.kz,
+7 (717) 223 57 57

* * *

*Даяшы* – еңбекақы 120 000-150 000 теңге аралығында
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес, білімі ортадан кейін.
Байланыс деректері:
gulvira.mabetex@mail.ru,
+7 (717) 269 10 00,
+7 (708) 341 18 05

* * *

*Программист* – еңбекақы 300 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы маңызды. Білім деңгейі техникалық жəне кəсіби.
Байланыс деректері:
info@gs-it.kz,
+7 (717) 247 69 90,
+7 (707) 498 03 12

* * *

*Бейнебақылау операторы* – еңбекақы 150 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 2 жыл жұмыс өтілі, білім деңгейі ортадан кейін.
Байланыс деректері:
aliya.abdullina@khanshatyr.com, +7 (717) 257 49 41

# ДӘСТҮРІН САҚТАҒАН АДАСПАЙДЫ

**Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің дамушы және дамыған елдерден ерекшелігі, ол – қоғамдағы діннің нығаюы мен елдегі діни ахуалдың тұрақты болуы.**



Біздің мемлекетіміз көп ұлтты, демократиялық мемлекет болғандықтан дін мәселесі жөнінде барлық азаматтарға қай дінге кіруіне, қандай дінде болуына еркіндік берілген.

Осыған орай, еліміздің жарқын болашағын қалаушы – жас ұрпақтарымыздың санасын улап жатқан жат ағымдардың мән-мағынасы, әсер ету жолдары мен тигізер зияндары да аз емес.

Менің ойымша қазіргі кезде жастар мұндай діни ағымдардан өте сақ болуы керек. Себебі, мұндай діндерге кірген адам қайтадан шығуы өте қиын. Өйткені, өздеріне тәуелді етіп, адам санасын тереңінен улайды.

Дәстүрлі дінімізбен мүлдем үйлеспейтін кейбір сан алуан пікірлер мен ұстанымдардың салдарынан туындайтын түрлі келеңсіз жәйттер алаңдатады.

Бүгін де, асыл дінімізбен мүлдем жанаспайтын жат ағымдар жетегінде кеткен қаншама қандастарымыз отбасы мүшелерінен, үй-меншіктерінен айырылып, түрлі психикалық ауруларға шалдығып, өз-өзіне қол салып, балаларына тиісті медициналық екпе ектіруден бас тартып, мектептегі сабақтарын тастап, мектеп жасындағы ұл-қыздардың музыка тыңдауға қарсылық білдіріп, мемлекеттік әнұранды тыңдауды және туға құрмет көрсетуді харам деп жатқандарын да жоққа шығаруға болмайды.

Соңғы уақытта кейбір отбасыларда әкесі бір дінді, баласы бір дінді, анасы бір дінді ұстанатын халге келдік. Осындай отбасыларда кикілжің туатын болса, әркім өз жақтастарын мәселеге араластырып, арты бітпес жанжалға ұласып кетуі мүмкін. Қоғамға іріткі салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын жастардың санасына ұғындыру.

Біріншіден, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне зиян тигізетінін білуі керек. Қайсы бір сектаны алатын болсақ, ешбірі қазақтың мұның мұңдап, күйін күйттеу үшін келмегені анық. Түрлі сектаның жетегіне кету арқылы отбасын ойрандатып, қоғамды шулатып, тыныштық, экстремистік, террорлық іс – әрекет жасап, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне орасан зиянын тигізуі мүмкін.

Дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберудің бір тәсілі түрлі діни ағымдар арқылы қоғам ішінде іріткі тудыру. Мәселен, ислам әлемінің тарихына қарасақ, дұшпандары майданда жеңе алмаған соң мұсылмандарды әлсірету үшін түрлі теріс ағымдарды қолдан жасап, мұсылман жамағатын бір-бірімен араздатып, ынтымақ пен бірлікті ыдыратып, мемлекетті әлсіреткен.

Ең дұрысы, жастарымыз өзіміздің дәстүрлі Ислам діні шариғаты бойынша, парыздары бойынша жүрсе ешқашан адаспайды, теріс жолға түспейді деп сенемін.

Болашақ жастардың қолында. Жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дінімізға баулысақ, түрлі жат ағымдардың жетегіне кетпейтін болады. Сонымен қатар иманды жас отанын, елін, жерін сүйетін, салт – дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын болады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Отанды сүю иманнан» - деген. Мәңгілік елдің тірегі-құндылықтарында. Сол құндылықтардың бірі дәстүрлі дініміз.

Діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы. Бұл мәнде дін қай халықтың болмасын мәдениетінің рухани негізі екенін ескеруіміз керек.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Жастайынан бойына ізгілік, имандылық, отансүйгіштік, кішіпейілділік, адалдық секілді қасиеттерді сіңіру мен тәрбиелеуде отбасы маңызды рөл атқарады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, баланы балабақшадан бастап тұлға ретінде қалыптастыруға, мектеп қабырғасында тілімізді, мәдениетімізді қастерлеуге, жоғарғы оқу орындарында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге үйретуіміз қажет. Тек сонда ғана осындай теріс пиғылды діни ағымдарға бөгет қоя аламыз. Дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру және діни сенімдерді насихаттау, теріс пиғылды діни ағымдар бойынша діни терроризм мен экстремизмнің алдын алады. Жас ұрпақтың санасына қоғамға іріткі салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын жастардың санасына ұғындыру.

# ДІН МЕН САЯСАТ АРАҚАТЫНАСЫ

**Тарих қойнауларына көз салсақ, дін мен саясатқа ортақ нәрсе – билік мәселесі болғандығын көреміз. Саясатта, дінде қоғамда заңды билікке қол жеткізуге ұмтылады. Алайда дін мен саясаттың билікпен байланысының өзіндік ерекшеліктері бар. Дін мен саясаттың байланысы тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қатысты өзгеріп отырған.**

Рим империясының орнын Рим шіркеуі басқаны белгілі. Яғни ұзақ уақыт бойы діни және саяси билік тұтасқан бірлікте болып келді. Сондықтан дін мен саясаттың мақсаты көп кезде ортақ болады. Ал біздің еліміз зайырлы мемлекет болғандықтан, мемлекет пен дін бір-бірінен бөлек болып саналады.

Қазіргі таңда қалыптасқан діни жағдай мәселелердің күрделілігі мен көп аспектілігін көрсетіп отыр. Американ ғалымы С. Хантингтон өзінің әйгілі «Столкновение цивилизации» атты еңбегінде өркениет діни негіздегі қақтығыстарға кездесетінін ескерткен болатын. Әлемдегі көптеген қақтығыстар осы дін мәселесіне байланысты шығып отырғанын көруге болады. Қазақстан өзінің геосаяси орналасуына, мәдени-өркениеттік байланыстарына, әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты әлемдік процесстерден тысқары қалуы мүмкін емес екені анық.

Қазақстанда тәуелсіздіктің үшінші онжылдығы барысында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан да мәнді өсуі байқалды. Діни бірлестіктер саны ұлғайып, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, жаңа ғибадатханалар салынды – мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар тұрғызылды. Халықтың діндарлылығының деңгейі өсті. Кейбір сарапшылардың бағалары бойынша, діндарлардың саны 80-жылдардың ортасымен салыстырғанда 20-25-тен, 90-95 % дейін өсті. Әрине діни бірлестіктердің өсуімен қатар дін атын жамылып саяси және басқада мақсаттарды көздейтін бірлестіктер мен ұйымдар да шыға бастады, оларды өз қызметтерін кеңінен, әрі интенсивті атқарып жүрген кейбір діни ұйымдар мен бірлестіктер мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты мен заңдарына мойынсұнбау, түрлі амал-тәсілдерді қолдану секілді қарсы насихаттары кездесіп отырады.

Бүгінгі таңда халықка, мемлекеттің саясатына қарсы идеологияны жүргізіп жатқан деструктивті діни ағымдардың насихаттарына мойынсынбау үшін, нақты азаматтық ұстанымын қалыптастыру маңызды болып саналады. Діндердің бейбіт өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимыл, жалпы алғанда Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басым міндеттері болып табылады.

Діни және этникалық негіздегі қақтығыстар, мәдени, әлеуметтік, саяси құқықтардың шектелуі, этникалық немесе конфессионалдық белгілердің, діни экстремизм мен терроризмнің мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақсыздығына, халықаралық қатынастардың шиеленісуіне себеп болуы мүмкін екендігін есте сақтау қажет. Қазіргі таңда Қазақстанда діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға, діни сенімдерге құрметпен қарауға, заң алдында түрлі дін өкілдері тең дәрежеге ие болуына негізделген мемлекет пен діндер арасында бірегей үлгі орнағандығын айта кету керек.

Қазіргі таңдағы қоғамымызда діннің рөлі артып отыр. Халықтың түрлі топтағы өкілдерінің рухани салаға, соның ішінде қоғам өмірінің діни саласына деген қызығушылығы арта түсуде. Бүгінде елімізде әртүрлі діндер және конфессиялар өкілдерінің бейбіт өмір сүруі және өзара тиімді қарым-қатынас жасауы үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар басқа елдер үшін үлгі болып табылары анық. Жалпы алғанда, дін қоғаммен мемлекет дамуының қажетті және жағымды факторына айналуда. Әрине осының бәрі елімізде дін мен мемлекеттік саясатының арақатынасы тұрақты екенін көрсетеді.

Елімізде мемлекеттік саясат пен дін арасындағы қатынастары нығайып келеді. Себебі мемлекет ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынына ерекше мән береді. Оның көрінісінің бірі Құрбан айт және Рождество мейрамдары заң бойынша демалыс күндері болып табылады. Елордамызда әлемдік және дәстүрлі діндердің, съездердің өтуі, бұл съездерге Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті-елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық жасауы, Қазақстандық толеранттылық пен татулықтың, дінаралық үнқатысу мен ынтымақтастықтың, бірлік пен достықтың ерекше үлгісі бар екендігін көрсетеді. Қазіргі таңда Қазақстанда жүз отыздан астам этностық және он сегіз конфессионалдық топ өкілдері тұрады, елімізде олардың бейбіт өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған. Көп этносты елімездегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығы болып саналады деп көрсетеді.

Қорыта айтқанда, мемлекет пен дін арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін жүйе зайырлылық болып саналады. Бұл жүйеде мемлекет пен дін бір-біріне араласпай, әрқайсысы бөлек жұмыс жүргізеді. Дін еркіндігі мен одан туындайтын құқықтардың қамтамасыз етілуі тек зайырлылық принципімен жүзеге асады. Зайырлылық принципі жүзеге асырылған мемлекеттерде дін мен мемлекет қатынастары өз орнымен жүргізіліп, келеңсіздіктер жойылған. Сондықтан да біздің елімізде адамдардың бір-бірінің құқықтарын пайдалануына жол берілмейді және бұл заңмен қаралады. Қоғамда заң бұзушылық болмаудың бір амалы жастардың діни санасы мен діни білімін қалыптастыру шешімі болып табылады. Қазіргі таңдағы жастардың діни толеранттылық құрамдас бөлігі болып саналатын діни білімі, ең алдымен өз ұстанған діні жөніндегі білім деңгейін анықтау көзделгені дұрыс. Жастарға дінмен қатар мемлекеттік саясатты түсінуде дінтанулық білім керек деп ойлаймын.

Алайда қоғамдағы болып жатқан жағымсыз құбылыстар мен жастар тарапынан кездесетін кейбір мәселелерді шешу тек қана дін мен мемлекет құзырлығына итеріп қоймай, сонымен бірге әр отбасында тәрбие беру, отансүйгіштік, ізгілік, адалдық, мейірімділік, имандылық және т.с.с. үйрету, насихаттауда басты жауапкершілік ата-анада екендігін ескергеніміз жөн болары анық. Әр баланың тәртібі мен тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталады. Әр бір ата-ана баласының бойында ұлттық рухани құндылықтарға негізделген сыртқы жағымсыз ықпалдарға төтеп беретін иммунитет қалыптастыру керек. Себебі болашақ жастардан басталады, ал мемлекетіміздің болашағы келешек жастарда.

**Еркебұлан ШАМШАТОВ**






**Осы жылы Қазақстанға енген шетелдік инвестиция көлемі 100 миллиард доллардан асып жығылғаны бұқаралық ақпараттар ағынында көрініс тапты. Елордада халықаралық деңгейде түрлі шаралар өтіп жатты. Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезі елордада қайта жалғасып, Қазақстанның діни кеңпейілдігін әлемдік өркениет мойындай түсті. Әлемнің дәстүрлі діндер басшылары Астанада екінші рет бас қосты. Олар жер жүзінің барлық адамдарына бейбітшілік, қайырымдылық және келісім мұраттарын таратушы мемлекеттің астанасы ретінде Қазақстанның жаңа астанасына бата берді. Бұл жолы да әлемдегі соғыстар, апаттар мен сілкіністер таусылмай тұрғанда, Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайы дәстүрлі дін өкілдерінің кездесетін жеріне айналды.**

### ГҮЛІҢ БОЛЫП ЕГІЛЕМІН...

2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне Ж.Нәжімеденовтің сөзіне жазылған, композитор Ш.Қалдаяқовтың 1950 жылдары дүниеге келген «Менің Қазақстаным» әні алынды. Қолданыстағы Әнұран мәтініне Президент Н.Назарбаевтың енгізген өзгерістерін Парламент қабылдады. Сондықтан да Әнұранның заңды авторларының бірі – Н.Ә.Назарбаев. Бұл туралы газетімізде «Бұл – халқымызды патриоттыққа бастайтын ұлт идеясының ұлағаты» деп жазылды.

«Қазақстан студенттері альянсының ұйымдастыруымен еліміздің барлық қалаларында бір мезгілде 200 мыңнан аса жастардың қатысуымен республикамыздың әнұраны шырқалды. Бұл патриоттық шараға Астанадан 10 мыңнан астам студенттер мен жастар қатысты» деп жазады «Астана хабары» тілшісі Төлеубай Ілдебаев.

### БІРДЕ ОЛАҚ, БІРДЕ ШОЛАҚ

Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театрында «Тіл және тәуелсіздік» деп аталатын конференция өтті. Газет бетінде сол жиында сөз алған сенатор Әбіш Кекілбаевтың сөзін түгел жариялаған екен.

«Тіл деген – тіл байланғанша айтуға тұратын тақырып. Бәлкім, біздің халқымыз көбіне басшыға құрайтын, алғы жақта келе жатқан кісі қалпағын сілтемей тұрып көштің басын тоқтатпайтын елміз. Биылғы жылдың ең басты оқиғасы, осы халық жиырма жыл бойы айтылып келе жатқан әңгімеге Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың әлденеше назар аударып, енді осы мәселені қолға алу керек деген пәтуасы болған секілді. Бірақ тілдің мәселесін бір кісі айтып тауыса алмайды. Оның мәселесін бір кісі шешіп бере алмайды. Әдетте мемлекеттің өзі ұлтты сақтау үшін құрылған. Ұлт жоқ жерде мемлекет болмайды. Ұлт деген – мемлекет баламасы. Мемлекет деген – ұлтты сақтау үшін құрылған құқықтық аппарат. Ұлт – өз бетімен өмір сүріп жатқан тірі организм. Мемлекет – оны өмір сүргізіп отырған бірден-бір мотор. Сондықтан ұлттың негізгі мақсаты – өзін-өзі сақтау. Адамның мақсаты қашан құдай алып кеткенге дейін өлмеуге тырысу болса, ұлттың негізгі мақсаты – өзінен зор шығып, жер бетінен жойып жібергенге дейін жойылмауға тырысу. Сондықтан қазір мемлекет не бітіріп отыр, мен не істеп жүрмін деп саудаласатын уақыт емес. Қазақ баласы осы саудаға көп уақытын жіберіп, аузындағы тілінен айырылып қала жаздап отырған кезде ендігі керенау әңгіменің де, кемеңгер әңгіменің де керегі жоқ. Одан қайта бірде олақ, бірде шолақ шығатын күнделікті нақты істер керек».



### ҚҰРБАН АЙТ ДЕМАЛЫС КҮНІ БОЛДЫ

Биылғы Құрбан айт жылдағыдан ерекше болмақ. Елбасымыз қасиетті Құрбан айттың алғашқы күнін демалыс деп жариялады. Бұл ұлттық ата-дәстүрге, аруақтарға бағышталған игілік деп білеміз. Осы ретте «Құрбандық шаласыз ба?» деп сауалнама жүргізген екен. Оған жазушы Әнес Сарай былай деп жауап беріпті: «Құрбан айт – төрткүл дүниедегі барлық мұсылман қауымның ең ұлық мерекесі. Бұл – аруақтарға тағзым ететін, құран бағыштайтын айрықша күндер. Әрбір шамасы келетін мұсылман баласы бұл күндері құрбандық шалған абзал» дейді. Ал Олимпиада жүлдегері Ермахан Ибраимов: «Қазақ атамыз «өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Сондықтан да Құрбан айт мерекесі күндері аруақтар біздің әрқайсымыздан құран дәмететіні сөзсіз. Ал осы қасиетті парызды орындау – тірі жүрген біздерге сын» дейді.

### АСТАНА АРХИТЕКТУРАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Астанада өткен сәулетшілердің халықаралық форумында осы мәселе талқыланды. Форумға қатысушылар жаңа қаланың сәулетіне қатысты пікірлерін білдірді.

Питер Ридлей, британдық сәулетші, лорд Норман Фостердің бірінші көмекшісі: «Астана жай ғана салынып жатқан жоқ. Ол әлемнің ең үздік те тәжірибелі, танымал сәулетшілерінің шығармашылықтарын бір ортаға тоғыстырып, солардың таңдаулы жобаларынан мына жаңа орталыққа шоғырланған тұтас бір ғажап дүние жасалуда. Ондай жағдай талай-талай кәсіпқой сәулетшілердің талпынысын арттырып, шығармашылық



ізденістерін шыңдай түсуде».

Георгий Стоилов, академик, халықаралық сәулет академиясының президенті (Болгария): «Сіздердің елордаларыңыз басқа мемлекеттердің астаналарынан өзінің жаңа ғасыр қаласы болатындығымен ерекшеленеді. Оған оның қазіргі салынып жатқан қарқыны, басқаларға ұқсамайтын сәулеттік келбеті айқын дәлел».

### «ЖАБАЙЫ ТУРИСТЕРГЕ» ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?

Астананың оңтүстік-шығысындағы Аршалы ауданы Сарыарқаның ұсақ шоқылы және аласа таулы солтүстік бөлігін қамтиды. Ауданда Үлкен Сарыоба, Кіші Сарыоба, Балықтыкөл, Танакөл, Батпаққөл, Байдалы – барлығы 50-ден астам көл бар екен. «Адамның табиғатқа тек тұтынушылық көзқарасымен, оған сарқылмас байлық деп қарауы табиғи ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына жол береді. Жазғы уақытта көлге келіп демалушыларда есеп жоқ. Өкінішке қарай, арнайы ұйымдастырылған демалыс орны болмағандықтан, олардың әрекеті бей-берекет, олардан кейін көл жағасындағы қоқыстардан аяқ алып жүру мүмкін емес. «Жабайы туристердің» көбі Астанадан, Қарағанды мен Ресейден келіп жататын автокөлік нөмірлерінен аңғару қиын емес. Егер оларға бақылау, өрескел қылықтарына тосқауыл болмаса, көл басы қазіргідей мүшкіл хал кешпес еді» деп жазады.

### ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

«Оның қуатын пайдаланудың мемлекеттік бағдарламасын жасаса» деп жазады газет тілшісі Сұлтан Әли. Екі жылдан бері республика үкіметі БҰҰ ұйымының бағдарламасына сәйкес бірлескен жел қуатын пайдалану жобасын орындауға кірісті. Қазақстан жел энергетикасы рыногын дамытудың бастамашысына айналды. Ғалымдар мен мамандардың пікірінше, жел қуаты өте пайдалы. Қазақстандағы энергия көздері қазір 8 млрд кВт/сағ электр энергиясын шығарады. Жел қуатын пайдаланғанда жылына 1,8 трлн кВт/сағ энергия өндіруге болады екен. Жобаның бірінші кезеңін іске асыруға ғаламдық экологиялық қоры республикаға 2,5 млн АҚШ долларын бөлген. Жекелеген инвесторлар бұған 4 млн АҚШ долларын қосты. Жел диірменнің әрқайсысы дүниежүзілік баға бойынша 1200-1500 АҚШ долларына бағаланады. Егер алғашқы тәжірибелік жобалар экономикалық, техникалық көрсеткіштері жағынан өзін-өзі ақтаған жағдайда, 100 жел диірмен орнату ұйғарылды.

«Астананың келешегіне жел энергетикасын пайдалану аса тиімді болмақшы. Астанаға таяу маңдағы жыл бойына қатты жел соғып тұратын орындарды зерттеу, оған келетін қаржы көздерін есептеген жөн» деп автор біршама дәлел келтіреді.

### ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ ҚАЛАЙ ӨТІП ЖАТЫР?

Газет тілшісі Шынар Досанова астанада өткен тойдың есеп-қисабын шығарған екен. Сонымен, автор: «Кеше ғана Астанада дүркіреген той өтті» деп бастайды. «Әрине, біз қалай қалыс қалып кеттік деп таңғалуыңыз мүмкін. Бірақ еш өкінбей-ақ қойыңыз. Бұл – сізге еш қатысы жоқ екі жастың үйлену тойы. Үйлену тойы демесеңіз, екпіні тау құлатардай. Кешкісін елорданың орталық көшелерінде көздің жауын аларлықтай қызылды-жасылды лентамен көмкерілген. Шетелдік лимузин автокөлігі бастап қаздай тізілген оннан астам мәшине «Бәйтерекке» бет алып бара жатты. Бұл – жаңадан бас қосып отырған екі жастың «нөкерлері» мінген көліктер тізбегі. Ертеде хан қызы ұзатылып бара жатқанда да жасауы жарасқан керуеннің болуы заңды нәрсе. Бұл көліктерді жалдау құны – сағатына 100 АҚШ доллары. Қазақстандық әншілер 2-3 ән орындағаны үшін 1000-3000 доллар алса, шетелдік әншілер 60-70 мың доллармен қалтасын қампайтып кетеді екен. Құстың сүтінен басқасының бәрі қойылып сіресіп тұратын той дастарқаны үшін бар-жоғы 250-300 адам үшін 3000 доллардан астам қаражат керек. Осының астарында «мен озсам, менің атым бәйгеге бұрын келсе» деген бәсекелестік ниет қана жатқандай көрінеді».

### АРДАГЕР – АЛТЫН ТҰҒЫР

Астанада Қазақстан ардагерлерінің 5-съезінде 1 миллион 600 мыңнан астам мүшесінің мүддесін қорғайтын 90 адамнан құралған делегаттар қатысты. «Көкірегі даңғыл карттарың жазып қойған хатпен тең» деп Бұқар жырау бабамыз айтқандай, халқымыз кеудесі тарихқа толы аға ұрпақ өкілдерін аса бағалы қазынасы ретінде қадірлеуден жалыққан емес. Аға буын өкілдерінің мұқтаждарын қанағаттандыру бағытында соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдарға – 2,4 есе, яғни 2472 теңгеден 5971 теңгеге дейін, соғыс мүгедектеріне теңестірілгендерге – 1,2 есе, яғни 5871 теңгеден 7313 теңгеге дейін, Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне – 1,6 есе, демек, 2781 теңгеден 4429 теңгеге дейін арнайы әлеуметтік жәрдемақы төленетін болды. Азаматтық тұрғыдан алғанда, аға буын өкілдерінің мұқтаждарын ұмытпау біздің қасиетті перзенттік борышымыз екенін естен шығармаған жөн» деп жазады газет тілшісі Гүлбаршын Өкешқызы.

### «АҚМОЛА ОҚИҒАСЫН» ЕСКЕ ТҮСІРДІ

1981 жылы қарашаның 11-і күні Ақмола облысының орталығы – бүгінгі Астанада «Казактар одағының» құрылуына наразылық білдірген жергілікті ұлт өкілдерінің митингісі болып өтті. Біздің тілге тиек етіп отырғанымыз сол «Ақмола оқиғасының» бел ортасында жүріп, шеруге қатысқан Қайыргелді Арғынбаев ағамыз жайлы үзік сыр.

– Ақмолада казактар одағы құрылып елді дүрліктірер қарсаңында мен Ақмола ауыл шаруашылығы институтында оқитын едім. Соның алдында күзгі сессияға келдім. Одақ туралы әңгіме бұрқ ете қалды. Тура 11 қараша күні таңертең сабақты тастап, оқиға болатын жерге елудей курстас жігіттерді алып бардым. Одан кейінгі оқиға бәрімізге мәлім – біздің жеңісімізбен, бейбіт түрде реттелгенін білетін боларсыздар. Браун қашып құтылып, оның жандайшабы, оқиғаға себепкер Андрианов халық алдына шығып түсінік беруге мәжбүр болған. Осылайша алмағайып заманда еліміздің тәуелсіздігі мен жеріміздің тұтастығына, казак-орыс итаршылары мен тағы басқа жаулары тарапынан төніп тұрған қауіптің бұлты сейіліп, ерлеріміз қорғап қалған еді.

### ОСЫ ЖҰРТ МАШАНИДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Жастар сарайында ғұлама ғалым, әл-фарабитанушы Ақжан әл-Машанидің 100 жылдық мерейтойына арналған еске алу кеші өтті. 1968 жылы Хали ибн Әбу Хасен Мұхамбед әл-Хали деген кісінің әл-Фарабимен бірге тұрған тарихи еңбегін тауып алады. Ол еңбекте ғұлама ғалымның туған жері Отырар даласы, Арыстың жағасы, Сырдарияның бойы картада анық көрсетілген. Ұлы ойшылды әлі күнге дейін Иран, Тәжікстан «біздің ғұламамыз» деп мойындайды, тіпті Тәжікстанда Фараби деген қала бар. Бірақ ақиқатты ашып көрсеткен Ақжан ағамыз 1975 жылы ұлы ғұламаның 1100 жылдығын Қазақстанда атап өтуге мұрындық болған. Оған дейін 32 ғылыми еңбек жазып, ойшылдың қазақ жерінде дүниеге келгенін, қыпшақ даласының перзенті екендігін өзге жұртқа мойындатады, даралап береді.



Дайындаған Айгүл **УАЙСОВА**

# ЖУРНАЛИСТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫМ

**«Астана ақшамы» газеті редакциясының табалдырығын 1998 жылы аздап тартыншақтап басқаным анық. Ол кезде Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенті едім. Редакция Желтоқсан көшесіндегі бұрынғы балабақша үйінде орналасқан болатын.**

Екінші қабатқа көтеріліп келе жатып, бір апайдың айқайлап сөйлеп жатқанын естіп, тіпті зәреміз ұшты. Қасымда осы газетке кейін 15 жыл еңбек сіңірген Қымбат Тоқтамұрат бар. Себебі біз азуын айға білеген «мен атайын, сен тұр» журналист аға-апалардың қасында сарыауыз балапан едік. Сол кезде «Ақшамның» беделі үстем, оқырман асыға күтіп, іздеп оқитын газет еді. Әр нөмірінде басты ащы шындықты айқайлатып беріп, тұздығын салуды оқырман еншісіне қалдыратын небір мақалалар шығып жататын. Содан не керек, тәжірибеден өтуге келген мені бас редактордың бірінші орынбасары Талғат Батырхан жаңағы дауыстап жатқан апайға ертіп келді. Ол кісі хат бөлімінің меңгерушісі Өріс Яшукірқызы екен. Апайға күніне ондаған десем өтірік болмас, қарт кісілер келеді, олардың арасында көзі кеміс тартқан немесе естуі нашарлаған қариялар да бар. Біз солардың біріне естіртіп қатты сөйлеп жатқанының үстінен түсіппіз.

Иә, ол кезде «Ақшамда» тірлік қыз-қыз қайнап жататын. Сапырылысқан жұрт. Бірі шатпақтап жазған жазуы бар бір жапырақ қағазын ұстап кіріп келе жатса, енді бірі мақаласы шыққан газетін ұстап, алғысын жаудырып, мәз-мейрам боп кетіп бара жатады. Телефонға да дамыл жоқ. Кейін оқуымды бітіріп, дипломды журналист ретінде қалалық газетке жұмысқа тұру бақыты маған да бұйырды. Ақпарат, экономика бөлімдерінде біліктілігімді шыңдадым, әлеуметтік мәселе, медицина, экономика, құрылыс, өндіріс, тіпті спорт тақырыптарында да мақала жазып, қаламымды ұштадым. Сан салалы тақырыпты қозғайтын газетте жүріп наркодиспансер, тубдиспансер керек пе, балалар үйі, үлкен құрылыс алаңдары, шет аймақ, тағысын тағы жерлерді аралап, қиындығы мен қызығы қатар тілшілік өмірдің «дәмін» таттым, журналист болып қалыптастым.

Әзілдеп жүріп мақала тақырыбын тартымды етіп қоятын Талғат Батырхан, спорт десе делебесі қозып, сағаттап сыр шертуге дайын Ғалым Қожабеков, экономикалық тақырыптың жілігін шағып беретін марқұм Ерғазы Әсембекұлы, «ботам» деп сызылып отырып орыс-қазағыңның тамырын дөп басып, керек ақпаратты еш қиналмай алатын Айтқадыр Тілеуов, аз сөйлеп, көп іс тындыратын Төлеубай Ілдебаев сынды ағалармен, әсіресе, соңғы бетке сенбі сайын беріліп тұратын «Бояусыз өмір» айдарымен шығатын журналистің әдеби шығармашылығын әдемі коллажбен әсемдеп, әрлей түсетін жауапты хатшы Амангелді Қияс, қашанда кісінің көңілін қалдырмауға тырысып бағатын оның орынбасары Әдебиет Жұманмен кезінде жұмыс істеп, әріптес болғанымды ерекше сағынышпен еске аламын. Қымбат Тоқтамұрат, Лаура Мүсірова сияқты бір топта оқыған құрбыларыммен кейін әріптестік өміріміз де жалғасып, Төлен Тілеубай, Ерлібай Қадырбай, Еренғайып Қуатайұлы, Дастан Кенжалин сияқты жалындаған жас журналистермен жұмыс істеудің өзі бір ғанибет еді. Біз бір атаның баласындай тату едік, жұмыстан кейін бірге театрға, концерттерге баратынбыз, одан шығып өзімізше қойылымдарды талқылаймыз, домбыра, гитарамен ән айтып, көңілді отырыстар жасайтынбыз. Қазір бір кездері үзеңгілес болған қыз-жігіттер журналистика саласында болғанмен, әртүрлі арнада еңбек көрігін қыздырып жатыр. Бірі – «Егеменде», енді бірі – «Айқында», басқа да газеттерде, телеарналарда жүр. Өзім салалық «Қазақстан теміржолшысы» газетіндемін. Біздің бәрімізді байланыстыратын ортақ нәрсе – ол бізді бала бүркіттен қанаты қатқан қыранға айналдырып ұшырған «Астана ақшамы» газеті. Биыл күзде республика және елорда тұрғындарының сүйікті газетіне айналып жүргеніне 30 жыл толады екен. Әріптестерімді, сондай-ақ газеттің қазіргі ұжымын осы мерейлі белесімен құттықтап, оқырмандарыңыз көп болсын, жазарларыңыз оқылымды болсын демекпін!

*Сұлугүл БАКЕСОВА, журналист*



## ДҮЙСЕНБІ
## 20 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6.00, 04.20 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 М/х «Питер Пэн».
7.40 Т/х «Томпақ».
8.10 К/ф «Әли».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.25 «Ауылдастар».
13.30 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.15 Т/х «Өмірдің өзі...».
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
03.00 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 7.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Біздің назарда».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.00 Т/х «Разия».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Covid-19».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15 К/ф «Қаламгер».
18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Біздің назарда».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
22.25 Т/с «Карантин».

ASTANA TV

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
10.50, 22,45 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Хандзада Жумонг», т/х.
14.00 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Кулэш», т/х.
6.45 «Ұшқалақ».
7.10 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 К/ф «Заложники».
13.50 Т/с «Дикий-4».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «Контакт».
22.00 «П@УТИНА».
22.50 Т/с «Контакт».
00.20 К/ф «Андреевский флаг».
02.20 «П@УТИНА».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК web».
7.25 «САОДАТ», т/х.
8.40 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.40 Т/х «Свадебное платье».
11.50 Т/с «Полюби меня такой».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
01.00 Т/х «Свадебное платье».
02.40 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.40 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
9.30 К/ф «Феномен».
12.30 «Битва экстрасенсов».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
21.15 Т/с «ЗНАХАРЬ».
23.30 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.30 «Гу-гулет».
7.30 Скетчком «Q-елі».
9.00 Т/с «Ложь во спасение».
13.10 К/ф «Брат или брак-2».
15.10 «Күлкістан» концерт.
16.30 Т/с «Вольная грамота».
17.40 Т/с «Охотник за головами».
18.40, 23.15 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/х «Жалдамалы қалыңдық».
21.15 Т/х «Ұлы дала жанұясы».
22.15, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
00.30 Т/с «Замужем за мафией».
01.00 Т/с «Замужем за мафией».
02.00 Т/с «Я знаю твои секреты».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Өз ойым».

## СЕЙСЕНБІ
## 21 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.40 «Ауылдастар».
13.30 «100 jana esim».
13.40 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
02.20 «Қазыналы Қазақстан», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 7.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Біздің назарда».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.40, 18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Covid-19».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15, 22.25 Т/с «Карантин».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.

ASTANA TV

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.50 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
10.50, 22,45 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Хандзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.15 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «КУЛӘШ», Т/Х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/С «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
13.50 Т/С «ДИКИЙ-4».
15.40 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/С «КОНТАКТ».
22.00 «П@УТИНА».
22.50 Т/С «КОНТАКТ».
00.20 К/Ф «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
02.20 «П@УТИНА».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаңалықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.50 К/ф «Анжелика».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.25, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.55 «Последние 24 часа».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
23.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30, 02.00 Т/с «Я знаю твои секреты».
10.40, 16.30 Т/с «Вольная грамота».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.10, 01.00 Т/с «Замужем за мафией».
14.00 Т/х «Жігіттер».
14.45 Скетчком «Q-елі».
15.00 Т/х «Бақ».
15.20 Т/х «Teleport-2».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА».
18.40, 23.15 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/х «Жалдамалы қалыңдық».
21.15 Т/х «Ұлы дала жанұясы».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Өз ойым».

## СӘРСЕНБІ
## 22 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00 «Jan jylyy».
13.20 «100 jana esim».
13.30 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
02.20 «Азамат», д/ф.
02.50 «Jan jylyy».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20 «Народный контроль».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.40, 18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
10.30, 17.00 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Covid-19».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15, 22.25 Т/с «Карантин».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Біздің назарда».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.

ASTANA TV

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 16.55 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.20 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
10.50, 22,40 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Хандзада Жумонг», т/х.
14.00 М/ф «Буба».
14.55 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
20.55 Loto 6/49.
00.30 «Қош келдіңіз!».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Кулэш», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/с «Андреевский флаг».
13.50 Т/с «Дикий-4».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «Контакт».
22.00 «П@УТИНА».
22.50 Т/с «Контакт».
00.20 К/ф «Андреевский флаг».
02.20 «П@УТИНА».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаңалықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.50 К/ф «Анжелика».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.30 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.30, 21.15 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.50 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
23.30 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30, 02.00 Т/с «Я знаю твои секреты».
10.40, 16.30 Т/с «Вольная грамота».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.10, 01.00 Т/с «Замужем за мафией».
14.00 Т/х «Жігіттер».
14.45 Скетчком «Q-елі».
15.00 Т/х «Бақ».
15.20 Т/х «Teleport-2».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА».
16.30 Т/с «Горничная».
18.40 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.15 Т/с «Ұлы дала жанұясы».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

## БЕЙСЕНБІ
## 23 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.55 «Kelbet».
13.30 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
02.20 «Азамат», д/ф.
02.45 «100 jana esim».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 07.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20, 16.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Народный контроль».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.40, 18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
10.30, 17.00 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Covid-19».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15, 22.25 Т/с «Карантин».
18.25 «Қоғамдық талқылау».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.50 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.

ASTANA TV

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00 «Үздік әзілдер».
8.00. 14.30 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
10.50, 22.40 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Хандзада Жумонг», т/х.
14.00 Elorda live.
14.10 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
17.55 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».

02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Күләш», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/с «Андреевский флаг».
13.50 Т/с «Дикий-4».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 Главные новости.
20.45 Т/с «Розыскник».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/с «Розыскник».
00.20 К/ф «Андреевский флаг».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаңалықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.50 К/ф «Анжелика».
15.30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат тұыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.30, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.50 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
23.25 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.30 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30, 02.00 Т/с «Я знаю твои секреты».
10.40, 16.30 Т/с «Вольная грамота».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.10, 01.00 Т/с «Замужем за мафией».
14.00 Т/х «Жігіттер».
14.45 Скетчком «Q-елі».
15.00 Т/х «Бақ».
15.20 Т/х «Teleport-2».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА».
18.40 Т/с «Слуга народа».
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 Т/с «Ұлы дала жаңғысы».
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

## ЖҰМА
## 24 ШІЛДЕ

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00 «ИМАН ӨЗЕГІ».
13.30 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
02.20 «ИМАН ӨЗЕГІ»
02.40 «Jan jylyy».
03.05 «Жақсыдан шарапат», д/ф.
03.00 «Азамат», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20, 16.50 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 21.40 Т/х «Жестокий Стамбул».
12.30 «Covid-19».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15, 22.25 Т/с «Карантин».
18.25 «Қоғамдық талқылау».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 16.55 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
10.50. 22.25 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 М/ф «Буба».
14.55, 00.30 «Таңдауым сен», т/х.
16.00 «Қош келдіңіз!».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Күләш», т/х.
7.00, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
7.45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/с «Андреевский флаг».
13.55 К/ф «Бриллиантовая рука».
15.45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!».
16.35 «НЕПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ».
16.50 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН».
18.45, 02.45 «ЗАҢ СӨЙЛЕСІН».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
22.00, 00.00 Т/с «Железный лес».
23.00, 02.00 «П@УТINA».
02.45 «Заң сөйлесін».
03.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаңалықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.50 К/ф «Анжелика».
15.30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат тұыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «Үйтіп-бүйтіп».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 «Все равно ты будешь мой», т/с.
01.20 «Было дело».
02.50 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.50 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.35 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
10.30 М/с «Аладдин».
11.30 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.50 «Экстрасенсы детективы».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 Т/с «Вижу – знаю».
20.00 Информбюро.
21.05 «Here?».
22.45 К/ф «Валериан и город тысячи планет».
01.50 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
05.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Фиксики».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30 Т/с «Я знаю твои секреты».
10.50 Т/с «Горничная».
12.00 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 00.30 Т/с «Замужем за мафией».
14.00 Т/х «Жігіттер».
14.50, 03.00 Скетчком «Q-елі».
15.20 Т/х «Бақ».
15.40 Т/х «Teleport-2».
16.10 «Субботний вечер».
17.40 «Юморина».
19.00 «Дизель шоу».
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 К/ф «Ninety one 91».
22.40 К/ф «В поисках мамы-2».
00.30 К/ф «Кино по понятиям».
02.00 Д/ф «Мен сен емес».
03.10 «Айнаонлайн».
04.30 «Өз ойым».

## СЕНБІ
## 25 ШІЛДЕ

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NUR TILEY». Сұхбат.
12.35 М/ф «Қазақ елі».
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 02.15 «Ауылдастар».
15.30 «Жалға алынған күйеужігіт», к/ф.
17.15 «Қызық екен...».
20.00 «Үздік екен...».
22.20 «Бауырым», к/ф.
00.30 «Jaidarman».
01.40 «Nur Tiley». Сұхбат.
02.45 «Азамат», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Тамаша».
7.20 Концерт «Айттым сәлем, сағынып».
9.10 «Discovery: Как устроена Вселенная».
9.55 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
10.10 «Covid-19».
10.40 «От всего сердца».
11.40 «Жұлдызды жекпе-жек».
13.25 Т/х «Анашым, мені қалдырма...».
14.15 Т/х «Жалғыз жауқазын».
17.10 Т/с «Карантин».
19.10 К/ф «Помни меня».
21.00 К/ф «Иностранец».
23.00 Т/с «Шерлок».
00.30 Т/х «Сүйе білсең».

6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30, 02.55 «Әзілстан».
7.00 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00 «Күлфи», т/х.
10.30, 22.00 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 К/ф «Құрманжан датқа».
17.00 «Алдараспан».
18.00 «Кек», т/х.
20.00 «Үздік әндер».
20.55 Loto 6/49.
00.30 «Azil keshi».
02.10 Той жыры.
02.35 «KazNet».

6.00, 03.50 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ», Т/Х.
6.40, 02.35 «ТАМАША CITY».
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.40 Т/С «ДРУГАЯ ЖИЗНЬ АННЫ».
12.35 «ФАБРИКА ГРЕЗ».
13.00 «НЕКЕ СЫРЫ».
14.40 Т/С «ЧЕРНЫЕ БУШЛАТЫ».
18.55 «ЛУЧШЕ ВСЕХ».
20.30 Т/С «РАСПЛАТА».
22.00 «П@УТINA».
23.00 Т/С «РАСПЛАТА».
00.30 К/Ф «ЭГОИСТ».
02.20 «П@УТINA+».
03.05 «ТАМАША CITY».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК» қоржынынан».
7.30 «Бір келіншек», т/х.
8.00 «Кеттік тойға».
9.00 «Үйтіп-бүйтіп».
10.00 «Смеяться разрешается».
12.30 «Все равно ты будешь мой», т/с.
16.30 «АТАЛАР СӨЗІ».
18.30 «Ән мен әнші».
21.00 «Вечерние новости».
22.00 «Где-то на краю света», т/с.
01.20 «Министерство правды».
02.05 «Было дело».
02.50 «Айлакер күйеу балалар», к/ф.

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00, 03.30 Әзіл студио.
7.00, 04.00 Ризамын.
7.50 Информбюро.
9.00 «Готовим с Адель».
9.30 «Битва экстрасенсов».
12.10 «What's Up?».
13.10 К/ф «Валериан и город тысячи планет»
16.20 М/ф «Реальная белка-2».
18.30 К/ф «Викинг».
21.30 К/ф «Время ведьм».
23.35 Концерт «Әндер мен жылдар».
02.45 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

6.00 «Келесі кім?».
7.00 «Құырдақ».
7.30, 05.15 «Гу-гулет».
8.00 Т/х «Бақ».
9.00 «Субботний вечер».
11.00 «Дизель шоу».
12.20 К/ф «Дочь Чингисхана в XXI веке».
14.10 К/ф «В поисках мамы-2».
16.00 Концерт «Тәуелсіздік – тірегім».
18.00 Т/с «Ұлы дала жаңғысы».
21.00 К/ф «Класстастар».
23.00 К/ф «Вавилон н.э.».
01.00 К/ф «Ninety one 91».
02.30 Д/ф «Мен сен емес».
03.30 Скетчком «Q-елі».
04.30 «Өз ойым».

## ЖЕКСЕНБІ
## 26 ШІЛДЕ

6.00, 04.10 Әнұран.
6.05, 02.50 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.35 «Ұлтық арнада – ұмытылмас әндер».
7.20 Т/х «Tolagai».
7.55 М/х «Питер Пэн».
8.20 «Жалға алынған күйеужігіт», к/ф.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «Құс қанат ғұмыр». Концерт.
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00 «Бауырым», к/ф.
17.15 «Қызық екен...».
20.00 «Күміс көмей».
20.45 «Айтыс».
22.20 К/ф «Ва-банк».
23.55 «Jaidarman».
01.05 «Ауылдастар».
01.35 «Азамат», д/ф.
02.15 «Nur Tiley». Сұхбат.
03.15 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Тамаша.
7.20 Концерт «Ұлы дала қазынасы».
8.30 «Covid-19».
9.00 «Discovery: Как устроена Вселенная».
9.50 М/с «Малышарики».
10.10 К/ф «Менің атым Қожа».
11.40 К/ф «Загадай желание».
13.25 Т/с «Карантин».
15.35 К/ф «Помни меня».
17.25 К/ф «Иностранец».
19.15 «Жұлдызды жекпе-жек».
21.00 К/ф «Ковбои против пришельцев».
23.00 Т/с «Шерлок».
00.30 Т/х «Сүйе білсең».

6.00, 03.25 «Ән мен әзіл» концерттік.
7.00 «KazNet».
7.30, 03.15 «Әзілстан».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00 TeleBingo.
10.25, 22.00 «Күлфи», т/х.
11.15. 22.40 «Кекеш келін», т/х
11.45, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.50, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.20 К/ф «Крылья, подаренные матерью».
16.20 «Алдараспан».
17.50 «Кек», т/х.
20.00 «Үздік әндер».
00.30 «Үздік әзілдер».
01.10 Той жыры.
01.35 К/ф «Үмітіңді үзбе».

6.00, 03.50 «Тракторшының махаббаты», т/х.
6.40, 03.05 «ТАМАША CITY».
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.50 «Ұшпалақ».
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ».
9.00 Т/с «Другая жизнь Анны».
13.00 «Неке сыры».
14.40 Т/с «Высоцкий».
18.55 «Лучше всех!».
20.30 Т/с «Нити любви».
22.00 «П@УТINA».
23.00 Т/с «Нити любви».
00.30 «Три аккорда».
02.20 «П@УТINA+».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «Ән мен әнші».
8.10 «КТК-да Кабатов».
9.00 «Смеяться разрешается».
10.50 «Где-то на краю света», т/с.
14.20 К/ф «Лидия».
16.30 «Аталар сөзі».
18.20 «Алдараспан».
21.00 К/ф «Счастливая жизнь Ксении».
00.50 «Министерство правды».
01.40 «Было дело».
02.20 «Ахмадбай мен Рахматбай», к/ф.
03.32 «КӨРІПКЕЛ-2».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00, 03.50 Әзіл студио.
7.30, 04.50 Ризамын.
8.15 «Here?».
10.00 «Готовим с Адель».
10.35 Концерт «Әндер мен жылдар».
12.35 М/ф «Реальная белка-2».
14.45 К/ф «Викинг».
18.00 К/ф «Время ведьм».
20.00 К/ф «Феномен-2».
22.00 «Последние 24 часа».
23.00 К/ф «Танцуй, танцуй».
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

6.00 «Келесі кім?».
7.00 «Құырдақ».
7.30, 05.10 «Гу-гулет».
8.00 Т/х «Бақ».
9.00 М/с «Фиксики».
10.10 Т/с «Последний ход королевы».
14.00 «Юморина».
16.00, 03.45 Скетчком «Q-елі».
15.50 К/ф «Семьянин».
16.40 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 К/ф «Вавилон н.э.».
23.00 К/ф «Кино по понятиям».
01.00 К/ф «Дочь Чингисхана в XXI веке».
02.20 «Айнаонлайн».
04.30 «Өз ойым».

№84 (4053) 18 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 09.07.2020 №107-1340

## Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы төлей отырып, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарын тағайындау және беру тәртібін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 4-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы төлей отырып, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтары тағайындалып, оларды беру тәртібі қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Әкім** **А. Көлгінов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 15.07.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1280 болып енгізілді

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «9» шілдедегі
№ 107-1340 қаулысына
қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы төлей отырып, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарының тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтар беру, оның ішінде біржолғы сыйақы беру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) ерекшелік белгісі мен «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағын беру тәртібін белгілейтін «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалды.

2.«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағы білім беру ұйымдарының меншік нысанына қарамастан, қоғамда педагог мәртебесін арттыру, оны қолдау және көтермелеу, педагогикалық шығармашылыққа ынталандыру, дарынды мұғалімдерді анықтау, позитивті әлеуметтік және кәсіби имидж қалыптастыру мақсатында жыл сайын конкурстық негізде беріледі.

3.«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атақ беру бойынша конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Басқарма) өткізіледі.

### 2. Көтермелеу түрлері

4. Педагогтерді көтермелеу түрлері:

- біржолғы ақшалай сыйақы төлеу тәртібіне және осы Тәртіптің 1 - қосымшасына сәйкес «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төс белгісімен марапаттау және осы Тәртіптің 2 - қосымшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің төсбелгісімен марапаттау туралы куәлік.

### 3. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» атты құрметті атақ беру тәртібі

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағы мектепке дейінгі, орта, арнайы, мамандандырылған, қосымша, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне беріледі.

«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағы тек қана бір рет беріледі.

6. Конкурсқа келесі талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады:

1) штаттық педагог қызметкер болып табылатын, «шебер» санаты бар, Нұр-Сұлтан қаласының орта білім беру ұйымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар конкурска қатысушы іріктелініп алынады;

2) Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде кемінде жеті жыл үздіксіз педагогикалық жұмыс тәжірибесі болуы қажет.

7. Конкурстық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамы басқарма басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ педагогика, психология және әдістеме саласының ғылым қайраткерлері «Үздік педагог» республикалық конкурстарының жеңімпаздары, ардагер ұстаздар, жаңашыл педагогтер, әдіскерлер және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары және хатшы комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде он бір адамды құрайды Конкурстық комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Конкурстық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда төрағаның міндеттерін атқару оның орынбасарына жүктеледі.

8. Комиссияның функциялары:

1) конкурсты өткізуді қамтамасыз ету;

2) конкурсты өткізу мерзімін анықтау;

3) конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін және конкурстық материалдарды қабылдау;

4) конкурсқа қатысушылардың қызметін бағалау критерийлерінің нәтижелерін талдау және қорытынды шығару;

5) Конкурс комиссиясының шешімі негізінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау;

6) Конкурс қорытындыларын Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таралған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және Басқарманың интернет- ресурсында орналастыру.

9. Педагогтерді көтермелеу осы Тәртіпке 3 - қосымшаға сәйкес педагогтердің қызметін бағалау критерийлерінің негізінде жүзеге асыру.

10. Комиссия қабылдаған шешім педагогтерді көтермелеу үшін негіз болып табылады.

Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісін және «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағын беру жөніндегі ұсынысты қанағаттандыру немесе қабылдамау.

Педагогке құрмет атағы мен төс белгісін беру туралы шешім ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Шешім комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

11. Педагогтерді марапаттау құжаттары «Мұғалімдер күні» кәсіби мерекесіне өткізуге байланысты қарастырылады.

12. Осы Тәртіпке 4 - қосымшаға сәйкес педагогтерді көтермелеуге ұсынымдарды білім беру ұйымдарының басшылары Басқармаға жібереді.

13. Ұсыныстарға педагогтің соңғы 3 жылдағы жеке кәсіби жетістіктері мен білім алушыларының (тәрбиеленушілерінің, студенттерінің) жетістіктерін растайтын құжаттар мен материалдар кіреді.

14. Ұсыныс Басқармаға осы Тәртіптің 11-тармағында белгіленген күндерге дейін екі айдан кешіктірілмей, тиісті құжаттар мен еңбектердің қосымшаларының көшірмелерімен қоса беріледі.

15. Педагогтерді көтермелеу шараларын Басқарма салтанатты түрде жүзеге асырады .

### 4. Педагогтің ынталандыру құқығы

16. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісімен марапатталады:

1) қалалық немесе республикалық сараптамалық кеңестерде мақұлдау алған оқу-әдістемелік кешендердің, оқулықтардың және әдістемелік-дидактикалық материалдардың авторлары (бірлескен авторлары) болып табылатын адамдар;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес күндізгі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, «WorldSkills» кәсіби шеберлік конкурстарының, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми, спорттық, әскери-қолданбалы жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар;

3) өзінің педагогикалық тәжірибесін республикалық немесе халықаралық деңгейде жинақтаған тұлғалар;

4) күндізгі кәсіптік конкурстардың, республикалық, халықаралық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер немесе халықаралық деңгейдегі кәсіптік іс-шараларға қатысушылар болып табылатын тұлғалар.

### 5. Төсбелгі мәртебесі

17. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісі кеуденің оң жағына Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан төмен тағылады.

18. Төлнұсқа «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісі жоғалған жағдайда берілмейді, төсбелгімен марапаттау туралы куәлік Комиссия шешімі бойынша: жоғалған, ұрланған, бүлінген жағдайда берілуі мүмкін.

19. Төсбелгіден және құрметті атақтан айыру мынадай жағдайда жүргізілуі мүмкін: педагог мәртебесінің беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босату; заңды күшіне енген соттың айыптау үкімінің болуы. Төсбелгіден және құрметті атақтан айыру оларды марапаттау тәртібі сияқты жүргізіледі.

20. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағы берілмейді:

- атаққа және төсбелгі беруге ұсынылған сәтте заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдарға;

- сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға.

### 6. Біржолғы ақшалай сыйақының мөлшері

21. Педагогтерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінен кем болмайтын сыйақы түріндегі қосымша ынталандыру төлемдерін Комиссия белгілейді.

22. Педагогтерді көтермелеу шаралары, біржолғы сыйақы төлеу жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

**Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы беру тәртібіне
1-қосымша**



### «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісінің сипаттамасы

«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» төсбелгісі ілгіш пен белдіктен (планкадан) тұрады.

Төсбелгі жез сары түсті металдан жасалған. Диаметрі 32 миллиметр, қалыңдығы 2 миллиметр шеңберді бейнелейді.

Төсбелгінің бет жағында - шар киіз үйдің күмбезі - шаңырақ түріндегі Бәйтерек бейнесі, Бәйтеректің төменгі бөлігінде Қазақ оюы түрінде қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Шеңберінде – Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі деген жазуы, төменгі бөлігінде ұлттық стильде ою-өрнегі бар.

Төсбелгідегі барлық суреттер мен жазулар шығып тұрады.

Бүкіл ауданы қазақ ою-өрнегімен өрнектелген алқа сақинаның көмегімен үшбұрышты пішінді белдікке (планкаға) бекітілген. Планка сары түсті жезден жасалған.

Кеуде белгісінің сыртқы жағы бет жағына ұқсас, бірақ шығыңқы жерлері жоқ.

Планканың сыртқы жағында визорлы бекіткіші бар түйреуіш орналасқан, оның көмегімен төсбелгі киюге арналған киімге бекітіледі.

Төсбелгінің ортасында өмір, даму және өсу символы ретінде шаңырақ салынған Бәйтерек бейнеленген, ал ұлттық ою - өрнек-бұл халықтың ұлттық мәдениетінің көрінісі.

**Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы беру тәртібіне
2-қосымша**

| КУӘЛІК<br>УДОСТОВЕРЕНИЕ | |
|---|---|
| Внутренняя сторона Ішкі жағы | |
| | КУӘЛІК<br>УДОСТОВЕРЕНИЕ № ____ |
| ______________________________<br>(аты тегі - фамилия)<br>______________________________<br>(аты - имя)<br>______________________________<br>(әкесінің аты - отчество) | Бұл куәлік білім беру саласында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі елеулі табыстары мен жетістіктері үшін төсбелгімен марапатталғандығы туралы берілді.<br><br>Настоящее удостоверение выдано в том, что он(а) за значительные успехи и достижения в деле обучения и воспитания подрастающего поколения в сфере образования награжден(а) нагрудным знаком<br><br>«Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі»<br>«Нұр-Сұлтан қаласының әкімі<br>М.О.<br>Аким города Нур-Султан<br>«___» _________ 20__ жыл<br>М.П. |

**Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы беру тәртібіне
3-қосымша**

## «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті педагогі» құрметті атағын беру жөніндегі конкурсқа қатысушылардың қызметін бағалау критерийлері»

| № р/б | Көрсеткіштер атауы | Ақпарат көзі | Тиімділігі | Бағалау (баллмен) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Оқу-әдістемелік кешеннің, оқулықтың авторы | Республикалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 5 |
| 2. | Оқу-әдістемелік кешеннің, оқулықтың авторы | Қалалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 4 |
| 3. | Оқу-әдістемелік кешеннің, оқулықтың бірлескен авторы | Республикалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 4 |
| 4. | Оқу-әдістемелік кешеннің, оқулықтың бірлескен авторы | Қалалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 3 |
| 5. | Әдістемелік-дидактикалық материалдардың авторы | Республикалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 3 |
| 6. | Әдістемелік-дидактикалық материалдардың авторы | Қалалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 2 |
| 7. | Әдістемелік-дидактикалық материалдардың бірлескен авторы | Республикалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 1 |
| 8. | Әдістемелік-дидактикалық материалдардың бірлескен авторы | Қалалық сараптау кеңесінің қорытындысы | Байқаудан өткізу және практикалық қызметке енгізу | 0,5 |
| 9. | Педагогтің күндізгі кәсіби конкурстарға, халықаралық деңгейдегі іс- шараларға қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при 5,6 1 орын -5,5 2 орын -5,4 3 орын – 5,3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10. | Педагогтің күндізгі кәсіби конкурстарға, республикалық деңгейдегі іс- шараларға қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при -4,6 1 орын -4,5 2 орын -4,4 3 орын -4,3 |
| 11. | Педагогтің күндізгі кәсіби конкурстарға, қалалық деңгейдегі іс- шараларға қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при -3,6 1 место -3,5 2 место -3,4 3 место -3,3 |
| 12. | Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, студенттердің күндізгі зияткерлік, (пәндік олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу және жобалау қызметіне) спорттық жарыстарға, шығармашылық конкурстарға, халықаралық деңгейдегі «WorldSkills» кәсіби шеберлік конкурсына қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при 5,6 1 орын -5,5 2 орын -5,4 3 орын – 5,3 Үздік маман (ТжКБ) -4 |
| 13. | Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, студенттердің күндізгі зияткерлік, (пәндік олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу және жобалау қызметіне) спорттық жарыстарға, шығармашылық конкурстарға, республикалық деңгейдегі «WorldSkills» кәсіби шеберлік конкурсына қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при -4,6 1 орын -4,5 2 орын -4,4 3 орын -4,3 Үздік маман (ТжКБ) -3 |
| 14. | Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, студенттердің күндізгі зияткерлік, (пәндік олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу және жобалау қызметіне) спорттық жарыстарға, шығармашылық конкурстарға, қалалық деңгейдегі «WorldSkills» кәсіби шеберлік конкурсына қатысуы | Жеңімпаздың орнын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар)) | 1,2,3 орын | Гран-при -3,6 1 орын -3,5 2 орын -3,4 3 орын -3,3 Үздік маман (ТжКБ) -2 |
| 15. | Ұлттық бірыңғай тестілеудің, оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың жоғары нәтижелерін тұрақты көрсететін оқушылар (соңғы 3 жылдағы мониторинг) | Ұлттық бірыңғай тестілеу, оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар | 90 %- дан 100 % -ға дейін | 5 |
| 16. | Ұлттық бірыңғай тестілеудің, оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың жоғары нәтижелерін тұрақты көрсететін оқушылар (соңғы 3 жылдағы мониторинг) | Ұлттық бірыңғай тестілеу, оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар | 89 %- дан 79%-ға дейін | 4 |
| 17. | Оқытылатын пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігі (соңғы 3 жылдағы мониторинг) | Білім беру ұйымы басшысының анықтамасы (қолы, мөрі) ) | Үлгерім-100%, білім сапасы 70% кем емес | 5 |
| 18. | Оқытылатын пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігі (соңғы 3 жылдағы мониторинг) | Білім беру ұйымы басшысының анықтамасы (қолы, мөрі) ) | үлгерім-90%, білім сапасы 60% кем емес | 4 |
| 19. | Педагогтың кәсіби шеберлігі мен тұлғасын бағалау (әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірі және т.б. | Расталған құжаттар (алғыс хаттар, грамоталар, дипломдар) | - | 5 |

**Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласының педагогтеріне біржолғы сыйақы беру тәртібіне 4-қосымша**

**Нысан**

## Педагогті көтермелеуге ұсыну

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Т.А.Ә (болған жағдайда) | |
| 2. | Туған күні, айы, жылы | |
| 3. | Ұлты | |
| 4. | Мекенжайы | |
| 5. | Жұмыс орны | |
| 6. | Лауазым | |
| 7. | Педагогикалық өтілі | |
| 8. | Осы мекемедегі жұмыс өтілі | |
| 9. | Білімі (бітірген оқу орны, факультеті, бітірген жылы) | |
| 10. | Біліктілік санаты | |
| 11 | Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы | |
| 12. | Жеке куәлігінің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, ЖСН) | |
| 13. | Байланыс телефоны (үй, ұялы) | |
| 14. | Марапаттар, көтермелеу | |
| 15. | Марапаттауға ұсынылатын үміткердің жеке кәсіби жетістіктері және білім алушыларының (тәрбиеленушілерінің, студенттерінің) жетістіктері соңғы 3 жылдағы құжаттар мен материалдар | |
| 16. | Өзге де мәліметтер | |
| 17. | Кандидатура жұмыс орны бойынша ұсынылды (№ _ хаттама «____»____________ 20__ жыл) | |
| 18. | Марапатқа ұсынылады | |

Қосымша: құжаттар _____ парақ.
Толтырған күні ________________________
Педагогтің жеке қолы ________________________
Білім беру ұйымының басшысы_______________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Білім беру ұйымы басшысының қолы _______________)
Күні «____» _____________ ________ жыл
Мөр орны

# НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №509/68-VI

## Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобаларының іске асырылу барысы туралы есебі

Мәслихат сессиясы Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Бектұрованың «Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобаларының іске асырылу барысы туралы есебі» мәселесі бойынша баяндамасын тыңдап және талқылағаннан кейін жергілікті атқарушы орган мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобаларының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдап жатқандығын атап өтті.

Қазіргі кезде Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту аясында мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобаларын (бұдан әрі – МЖӘ) іске асыру бойынша 33 жоба жоспарлау мен іске асырудың әртүрлі сатыларында тұр.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін 12 МЖӘ шарты жасалды. Жасалған шарттар бойынша тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 32,7 млрд. теңгені құрайды.

МЖӘ шарттары бойынша мемлекеттің міндеттемелері қабылданды: «6 балабақшаның құрылысы», «Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнежазба және бейнеталдау үшін аппараттық-бағдарламалық кешен құру және пайдалану», «Астана қаласы әкімдігіне көлік қызметін көрсету» және «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған Паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» мұз аренасын құру және пайдалану».

Кіріс түсетін және бюджеттің ең аз қатысуын қамтамасыз ететін жобаларға басымдық беріледі.

МЖӘ дамытудың Жол картасы аясында МЖӘ жобаларын жоспарлаудың сапасын жақсартуға, соның ішінде халықтың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қолжетімділігін және сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды күтіп ұстауға және қызмет көрсетуге, құрылысқа және жаңғыртуға шығындарды оңтайландыру мен жобаны іске асырудан түскен кірістерден шығындарды өтеу тетіктерінің болуы есебінен бюджет қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етуге бағытталған шаралар анықталды.

2019 жылы жобалардың бюджеттік тиімділігін арттыру аясында мемлекеттік міндеттемелерсіз 4 МЖӘ шартына қол қойылды, олардың ішінде үш шарт денсаулық сақтау саласында, ал бір шарт білім беру саласында.

Осы жылы экология саласындағы мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздемейтін шарт жасалды.

Жоба кейіннен жеке меншік әріптестік үшін қауіпті қалдықтардың жекелеген түрлерін (құрамында сынап бар және медициналық) кешенді қайта өңдеу бойынша қызметтерді көрсету мақсатында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін өндірістік нысандарды салуды көздейді. Инвестиция көлемі 2,9 млрд. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта білім беру, денсаулық сақтау, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы МЖӘ жобалары жоспарлаудың әртүрлі сатыларында.

Білім беру нысандары бойынша 12 жоба пысықтау сатысында, олар 2000 орындық 10 жалпы білім беретін мектептің құрылысы, инвесторға міндетті шартпен 5 мектепті сенімгерлік басқаруға беру, бұл өз қаражаты есебінен жаңа мектеп салу, 10 спорт алаңын мектептерге сенімгерлік басқаруға беру.

Биылғы жылы мектептердің аса тығыздалып кетуін азайту және білім беру сапасын арттыру мақсатында МЖӘ және жан басына қаржыландыру тетіктері аясында жаңа үлгі бойынша 10 мектеп салу туралы шарт жасасу жоспарлануда, бұл 40 мың мектеп орнына тапшылықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау нысандары бойынша екі жоба әзірлену үстінде және олар бойынша 2020 жылдың соңына дейін шарттарды жасасу жоспарлануда.

Сондай-ақ, спорт саласындағы екі жоба жоспарланған: Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды қолдана отырып жаңғырту және Нұр-Сұлтан қаласындағы ат спорты кешенін салу және пайдалануға беру.

Жеке меншік бастама аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында кәріз люктері қақпақтарын ашатын арнайы датчиктер орнату және қызмет көрсету бойынша бір жоба әзірленуде. Бұл жоба люктерді ұрлау мәселесіне тосқауыл қоюға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жүзеге асырылып жатқан жобалары өз тиімділігін көрсетіп отырғанын атап өткен жөн.

Осылайша, мысалы, көлік қызметтерін көрсетуге қызмет көрсету туралы шарт елорда әкімдігіне бұрынғы шығындардың 40%-ін үнемдеуге мүмкіндік берді. Егер жобаны іске асыру алдында қала әкімдігінің көлік шығындары жылына шамамен 550 миллион теңгені құраса, жобаны іске асырумен шығындар жылына 320 миллион теңгеге дейін азайды.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде толығымен жеке меншік әріптестік есебінен салынған 360 орындық балабақшаны пайдалануға беру жоспарлануда.

Сонымен бірге, мәслихат сессиясы жергілікті атқарушы органның МЖӘ жергілікті жобаларын іске асыру бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, осы саладағы ерекше назар аударуды және жедел шешуді талап ететін бірқатар мәселелерді атап өтті. МЖӘ жобасы бойынша жоспарланған 6 балабақшаның құрылысы толығымен орындалған жоқ, қазіргі уақытта 60 орындық бір ғана балабақша салынды. Қалған 5 балабақша құрылысы әлі басталған да жоқ. Бұл ретте, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ жоғарыда аталған МЖӘ жобасы бойынша шарт міндеттемелерін орындамағаны үшін екі жеке меншік әріптестікпен – «Успех Голд» ЖШС және «Терма Клима» ЖШС-мен тиісті шарттарды сот тәртібімен бұзу бойынша жұмыс жүргізуде.

Нысандарды, соның ішінде №29 және №36 көшелері шаршысында салынған жаңа 360 орындық балабақшаны аралау кезінде балабақшаның техникалық бөлмелерінде төбелердің төмендігі, күндізгі сәуленің (күн сәулесінің) түсуін шектейтін кішкентай терезелер, желдеткіштің жоқтығы анықталған, алдағы уақытта көрсетілген техникалық бөлмелерді мектепке дейінгі балалар үшін ойын бөлмелері мен үйірме бөлмелеріне қайта жабдықтау жоспарлануда.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында жаңа мектептер салу туралы да мәселелер туындайды, өйткені ескі мектептердің орнына жаңа мектептер салынуы ықтимал. Сыйымдылығы жағынан жаңа мектептер бірдей, ескі мектептердің бұзылуы және сол жерде жаңасын салу орындылығы күмән тудырады, ал жаңа мектептерді салу кезінде оқушыларды қайда және қалай оқыту керектігі туралы нақты жоспар жоқ.

Бүгінгі таңда «Ақылы көлік тұрағы орындарын құру және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша тараптар арасында шешілмеген даулар бар.

Мәселен, «Астана қаласының ақылы көлік тұрағын құру, пайдалану және басқару туралы» мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 1 шартына (бұдан әрі – Шарт) сәйкес, Шарт тараптары «Парковочное пространство» ЖШС (бұдан әрі – Жеке меншік әріптес) және «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі – Мемлекеттік серіктес).

Шартты орындау аясында жеке серіктес 5 000 ақылы тұрақ орнын игеру және 3283 ақылы тұрақ орындарын іске қосу бойынша жұмыстар жүргізді. Алайда, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің көлік тұрақтарына ақы төлеуге арналған орындарды белгілеу және көлік құралдарының тұрақ уақытын анықтау туралы қаулысының жоқтығына байланысты, Мемлекеттік серіктестің Шартты бұзу қаупі бар. Сонымен қатар, Шартқа 2-қосымшада көрсетілген орындар анықталған, оған сәйкес Жеке меншік әріптес ақылы қызмет көрсетеді және тиісті ақы алынады.

Жеке меншік әріптес МЖӘ жобасын іске асыру үшін 1,2 млрд. теңгеден астам сомаға инвестициялық шығындар тартқанын атап өткен жөн. Бұл мәселенің шешілмеуі сотта істі қарауға, жеке меншік әріптес тартқан инвестициялық шығындардың жергілікті бюджеттен өтелуіне, сондай-ақ кәсіпкерлер үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының тартымдылығына теріс әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 166/21-VI шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағын көріктендіру қағидасында барлық типтегі контейнерлік алаңдарға, оларды күтіп ұстауға және кызмет көрсетуге арналған функционалдық міндеттерді бөлуге арналған нормалар жоқ.

Осы нормалар болмаған кезде барлық түрдегі контейнерлерге қатысты вандализм болуы мүмкін. Тұрғын үй ғимараттарының жанындағы құрамында сынап бар қалдықтарды тастау үшін орнатылған 603 контейнердің 536 бірлік контейнері ғана пайдалануға жарамды, ал 67 контейнер вандализм фактілері салдарынан пайдаланудан шығарылған.

Сонымен қатар, қала тұрғындары мен ұйымдар шығаратын сынап шамдарын қайта өңдеуге шамамен 20 миллион теңге көлемінде қосымша қаржы қажет.

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобаларының іске асырылу барысы туралы есебі» баяндамасы назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

«Ақылы көлік тұрағы кеңістігін құру және пайдалану» мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жергілікті жобасын іске асырумен байланысты мәселелерді шешу бойынша мәселені қарау;

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шартының «Астананың ақылы көлік тұрағын құру, пайдалану және басқару туралы» 2-қосымшасына сәйкес «Елордада көлік құралдарының көлік тұрағына ақы төлеуге және уақытты бақылауға арналған арнайы сертификатталған құрылғылармен жабдықталған орындарды анықтау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 108-1325 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 1 қаулысын қабылдау бойынша 2020 жылғы 1 тамызға дейін түбегейлі шаралар қабылдау;

«Астана қаласының ақылы көлік тұрағын құру, пайдалану және басқару туралы» 2018 жылғы 7 қарашадағы № 1 мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарты бойынша Жеке меншік серіктес ұсынған атқарылған жұмыстар актілеріне (МЖӘ объектісін құрудың (орнатудың) тиісті кезеңдерін аяқтау туралы актілерге) қол қою бойынша барлық шараларды қабылдау;

балабақшалар, жаңа мектептер салу кезінде олардың бөлмелерінің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін (күндізгі жарықтың түсуі, төбенің биіктігі, ауа айналымы және т.б.) ескере отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) дайындау бойынша мәселелерді пысықтау;

салынып жатқан 360 орындық жаңа балабақшада балабақшаны пайдалануға беру кезінде техникалық бөлмелерді балалар үшін қолайлы және санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін бөлмелерге қайта жабдықтауды бақылауды қамтамасыз ету;

ескі мектептердің орнына жаңа мектептер салу орындылығын зерттеу;

жергілікті бюджетке түсетін ауыртпалықты азайту мақсатында мемлекеттік-же-

ке меншік әріптестік тетіктерін дамыту бойынша одан әрі жұмысты қамтамасыз ету;

Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 166/21-VI шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағын көріктендіру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің орындылығына қатысты мәселені 2020 жылғы 1 тамызға дейін қарастырып, барлық типтегі контейнерлік алаңшаларға нақты талаптарды қою, нормаларды белгілеуге қатысты қалалық мәслихатқа ұсынымдар енгізу ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ:

«Балабақшалар салу және пайдалану» жобасы бойынша жеке меншік әріптестермен (инвесторлармен) жасалған шарттар бойынша наразылық-талап қою жұмыстарын (өсімпұлдарды, тұрақсыздық төлемдерін өндіріп алу, шартты бұзу бойынша) жүргізу бойынша жұмыстарды күшейту;

салынып жатқан 360 орындық жаңа балабақшаны пайдалануға беру кезінде техникалық бөлмелерді балалар үшін қолайлы және санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін бөлмелерге қайта жабдықтау бойынша бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ:

сынап шамдарын өңдеуге қосымша ақшалай қаражат бөлу қажеттілігіне қатысты Нұр-Сұлтан қаласының бюджеттік комиссиясына тиісті ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №511/68-VI

# «Астана қаласының ортақ су пайдалану қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 220/25-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 65 бабы 4-тармағын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабын, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 109 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының ортақ су пайдалану қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №220/25-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылдың 11 қаңтарында № 1150 тіркелген, 2018 жылдың 13 қаңтарында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Шешімнің тақырыбында, бүкіл мәтін бойынша, шешімге қосымшада «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласының ортақ су пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2, 9-3, 13-1, 17-1, 27-1, 27-2-тармақтармен толықтырылсын:

«9-1. Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты (бұдан әрі – мәслихат) азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қағидаға сәйкес тиісті өңірдің аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлерді айқындайды.

9-2. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында халыққа шомылу жүзеге асырылмайтын мынадай жерлер айқындалсын:

1) шлюздерге, гидроэлектростанцияларға, ағынды суды жіберетін орындарға, малдардың тұрағына және суаратын жерлерге және басқа да ластау көздеріне, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ластау көздеріне кемінде 500 метр жақын ара қашықтықта;

2) температурасы төмен жер асты сулары шығатын, су иірімдері мен шұңқыр жерлерде;

3) судың ағысы секундына 0,5 метрден асатын жерлерде;

4) сазбалшықты учаскелерде, сондай-ақ қолайсыз және қауіпті табиғи факторлары бар кезде (жағалауы жайпақ, құлама жарсыз және шұңқырсыз, ал су айдынының түбі құмды, шылаусыз, балдырсыз, бұталарсыз және үшкір тастарсыз болуға тиісті).

9-3. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыс жайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органы белгілейді.»;

«13-1. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.»;

«17-1. Су пайдаланушы мәслихаттың он шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіндігі және ортақ су пайдаланудың өзге де шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.»;

«27-1. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатындығын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы мәслихатқа ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатындығын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

27-2. Мәслихат ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатындығын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.».

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №512/68-VI

# Нұр-Сұлтан қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңының 8 бабы, 2 тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер өткізуге келесі орындар белгіленсін:

1) А. Пушкин көшесі мен Ш. Құдайбердіұлы даңғылы қиылысындағы саябақ;

2) «Столичный» циркі жанындағы алаң;

3) Жеңіс, Абая даңғылы, Т. Бегелдинов және Желтоқсан көшелері төртбұрышындағы алаң.

2. Шеру өткізу үшін бағдар ретінде Абай көшесі бойындағы Жазушылар аллеясынан А.Пушкин көшесі мен Ш. Құдайбердіұлы даңғылы қиылысындағы саябаққа дейінгі аралық бекітілсін.

3. Бейбіт жиналыс орындарын пайдалану ережесі 1-Қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Пикеттеу ережесі 2-Қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Астана қаласы мәслихатының «Астана қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы» 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 175/23-V шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 789 болып тіркелген, 2013 жылғы 13 қарашадағы № 133 «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Аталған шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткесін күшіне енеді.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 512/68-VI шешіміне 1-қосымша**

# Бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану ТӘРТІБІ

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын – Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыс – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Шеру – қоғамдық маңызы бар мәселелер және (немесе) адамдардың және (немесе) ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының немесе азаматтар тобының көлік құралдарын пайдаланбай белгілі бір уақытта, белгілі бір маршрут бойынша жүріп өтуі, бұл дыбыс күшейткіш техникалық құралдар, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдаланыла отырып немесе онсыз, талаптар қойыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады.

| № п/п | Арнайы орын атауы | Материалдық-техникалық қамтамасыздығы | Шекті толу саны |
|---|---|---|---|
| 1. | Ш. Құдайбердіұлы даңғылы мен А. Пушкин көшесі қиылысындағы саябақ | Жер учаскесінің аумағы – 4380 ш.м. - көше жарығы; - электр энергиясын қосу нүктесі; - бейнебақылау және бейнежазба камералары; -35 тұрақ орны (1 кіру, 1 шығу). | 1000 адам |
| 2. | «Столичный» циркі жанындағы алаң | Жер учаскесінің аумағы – 2064 ш.м. - көше жарығы; - электр энергиясын қосу нүктесі; -60 тұрақ орны (1 кіру, 1 шығу). - бейнебақылау және бейнежазба камералары; | 1000 адам |
| 3. | Жеңіс, Абай даңғылы, Т. Бигелдинов және Желтоқсан көшелері төртбұрышындағы жазғы алаң | Жер учаскесінің аумағы – 1695 ш.м. - көше жарығы; - электр энергиясын қосу нүктесі;-70 тұрақ орны - бейнебақылау және бейнежазба камералары; | 500 адам |
| 4. | Жазушылар аллеясы (Абая даң. – Ә.Сембинов көш.) бастап, саябаққа (Ш.Құдайбердіұлы даң.– А.Пушкина көш.) дейін | Бағыт ұзындығы 2055 м. құрайды; - көше бойында көше жарықтары бар; - бейнебақылау және бейнежазба камералары. | 1000 адам |

«Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі өкілі хабарлама/өтініш бойынша оң шешім қабылданған кезде, бейбіт жиналыстың/шерудің ұйымдастырушысымен бір күн бұрын іс-шараны өткізу ережесін келесі сұрақтар бойынша келісу үшін арнайы орынға барады:

- бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылардың айырықша белгісі;
- периметрі және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамасымен танысу мен анықтау үшін;
- бейбіт жиналыстар кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дыбыс күшейткіш техникалық құралдар, көлік құралдары, плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары және осы Заңда көрсетілген құралдарды пайдалану туралы;
- бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауды;
- Жазушылар аллеясынан (Абай даң. – Ә.Сембинов көш.) бастап, саябаққа (Ш.Құдайбердіұлы даң. – А.Пушкин көш.) дейінгі шеру бағытымен танысу.

Бейбіт жиналыс өткізу күні ұйымдастырушы және оған қатысушылар:

- өтініште көрсетілген мерзім аралығында мамандандырылған орынның аумағында орналасады;
- ғимараттардың, құрылысжайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
- санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтап, Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау туралы заңнамасын сақтайды;
- бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының айырым белгісін тағып жүреді.

**Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 512/68-VI шешіміне 2-қосымша**

# Пикеттеу өткізу ережесі

Пикеттеу – қоғамдық маңызы бар мәселелер және/немесе адамдардың және/немесе ұйымдардың, ұйымдардың әрекеттері/әрекетсіздігі бойынша пікірін жария білдіру.

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынады:

1) жаппай жерлеу орындарында;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының резиденцияларына іргелес жатқан аумақтарда;

5) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

6) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;

7) ТҚО объектілердің іргелес аумақтарында.

Рұқсат етіледі:

- бір азаматтың белгілі бір жерде жіне статикалық түрде болуы(қозғалыссыз);
- плакаттар, транспаранттар және өзге де көрнекі үгіттеу құралдары пайдалану;
- пикеттеу ұзақтығы (бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда), дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне екі сағаттан аспауға тиіс.

Рұқсат етілмейді:

- бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан көп пикет өткізуге жол берілмейді;
- дыбыс күшейткіш техникалық құралдар пайдалануға;
- пикеттеу жасауға тыйым салынған объектілердің іргелес аумақтарынан 350 метр қашықтықта пикеттеу жасауға.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №515/68-VI

# «Нұр-Сұлтан қаласы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күніне орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы № 380/49-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күніне орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы №380/49-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1226 болып тіркелген, 2019 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 30.06.2020 №516/68-VI

### «Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ауғанстан аумағынан әскерді шығаруының 30 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 362/45-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ауғанстан аумағынан әскерді шығаруының 30 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 362/45-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1212 болып тіркелген, 2019 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

## ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН РЕСПУБЛИКАІШІЛІК ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ БОЛМАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ **2020 жылғы «18» тамыз, сағат 15.00-де** Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі 11, 544-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстың өткізуі болмайтыны туралы хабарлайды.

## ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН РЕСПУБЛИКАІШІЛІК ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) **2020 жылғы «18» тамыз, сағат 15.00-де** Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі 11, 544-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.
2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады: № 1 лот - № 6 маршруты; № 2 лот - № 31 маршруты; № 3 лот - № 40 маршруты; № 4 лот - № 41 маршруты;
3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Басқармаға конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі 11, 549-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.
5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2020 жылғы «11» тамыз.**
6. **2020 жылғы «24» шілдеде** Конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.
7. Анықтама алу үшін телефондар: 8 (7172) 55-14-98.

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

*(Жалғасы. Басы газеттің №83 (4052) санында)*

*Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.*

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|---|---|---|---|---|---|
| 14522 | АБДИКАЛЫКОВ | АЙДАРБЕК | | 31.07.2017 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 14523 | ҚАРСЫБАЙ | ФАРИЗА | НҰРЖАНҚЫЗЫ | 01.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14524 | ӨРҒАРА | РАУЗА | СЕРІКБАЙҚЫЗЫ | 01.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14525 | НУРАХМЕТОВА | ДИНАРА | БОЛАТОВНА | 01.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14526 | САДЫКОВ | МУРАТ | ДУЛАТОВИЧ | 01.08.2017 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 14527 | НИТАЛИЕВА | РАУЗА | САГЫНДЫКОВНА | 02.08.2017 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 14528 | АБДИКАЛИКОВА | КАЛИМА | МАХМУТОВНА | 02.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14529 | НЕСИПБАЕВА | МАРЖАН | БАЗАРОВНА | 02.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14530 | ЕМЕЛЬБАЕВА | ЭЛЬВИРА | ЖУМАГАЛИЕВНА | 02.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14531 | ТОЛЕУОВА | САУЛЕ | ХАМИТОВНА | 02.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14532 | КОМАРОВ | АЛЕКСЕЙ | ВИКТОРОВИЧ | 03.08.2017 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 14533 | МАХАМБЕТОВА | САЛТАНАТ | ЗАКИРОВНА | 03.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14534 | ДУСЕБАЕВ | КЕНЖЕБАЙ | КУСАИНОВИЧ | 03.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14535 | ЖҰМАҚАНОВА | НАЗЫМ | БАЙҚАЗАҚҚЫЗЫ | 03.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14536 | ТУРЛИНА | ИНДИРА | БОЛАТОВНА | 03.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14537 | ЖУСУПОВА | МАХАБАТ | ЕСПОЛАТОВНА | 03.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14538 | МЫНБАЕВА | АЛЬБИНА | ДУЛАТОВНА | 03.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14539 | САТТАРОВА | ЖАНАР | ЕГИЗБАЕВНА | 03.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14540 | АЙТКАНОВА | ГУЛЬСИМ | ЖУАНДЫКОВНА | 04.08.2017 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 14541 | КАПАРОВА | АЙГЕРИМ | МАКСУТДИНОВНА | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14542 | МАХАНОВА | ТАТТИГУЛЬ | АМАНТАЕВНА | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14543 | АЮПОВА | СУЛУКАМАЛ | САГЫНДЫКОВНА | 04.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14544 | ТҰРСЫНБЕК | АЙСҰЛУ | ШЕКЕРБЕКҚЫЗЫ | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14545 | ҚАБИДЕНОВА | ГҮЛМИРА | ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14546 | ИБРАЕВА | АЙДАНА | БОЛАТБЕКОВНА | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14547 | НУРАБЕКОВА | ОРАЗКУЛЬ | ИСАБЕКОВНА | 04.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14548 | СЫЗДЫКОВА | БОТА | МАРАЛКЫЗЫ | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14549 | САЙПОЛДА | КАЗКЕЙ | | 04.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14550 | ШИНГУЖИНОВА | АСЕМГУЛЬ | БАЛТАБАЕВНА | 04.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14551 | БАЙМБЕТОВА | НУРГУЛЬ | АБДРАХМАНОВНА | 04.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14552 | КАЛКИНА | АСЕЛЬ | КУСМАНОВНА | 05.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14553 | ТУЛЕУБАЕВА | АЙНУР | КАДЫРГАЛИЕВНА | 05.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14554 | ИБРАГИМОВ | АБДУВАЛИ | ГАНИЕВИЧ | 05.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14555 | ТУЛЕБАЕВА | УЛБАЛА | МАКСУТОВНА | 05.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14556 | КАЙРБЕКОВА | ЕҢЛІК | | 05.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14557 | ТРЖАНОВА | БАТИМА | АЛДАБЕРГЕНОВНА | 07.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14558 | КАМАЛОВА | СЫМБАТ | КАБДРАШИТОВНА | 07.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14559 | МИТЬКО | ИННА | НИКОЛАЕВНА | 07.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14560 | ИБРАЕВ | ЕРЖАН | САБИТОВИЧ | 08.08.2017 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 14561 | ФОМИНА | ТАТЬЯНА | СЕРГЕЕВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14562 | ХАСЕНОВА | КУНДЫЗ | ТЛЕУБАЕВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14563 | УСПАНОВА | ГУЛЬНАРА | ЕРЕНГАЛИЕВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14564 | АБДЫКАЛИКОВ | МУРАТБЕК | САПАРГАЛИЕВИЧ | 08.08.2017 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 14565 | АРЛАНБЕКОВА | ЖАНАР | СУНДЕТОВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14566 | ДЕМИДЕНКО | ПЕТР | МИХАЙЛОВИЧ | 08.08.2017 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 14567 | ТАНЫСБЕКОВА | ЗАМЗАГУЛЬ | АБДИМАЖИТОВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14568 | РАХИМОВ | МУРАТ | ТОКСАНБАЕВИЧ | 08.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14569 | ПОНОМАРЕВА | ЮЛИЯ | НИКОЛАЕВНА | 08.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14570 | ЖАНБОСЫНОВА | ЖАНСУЛУ | АЙТЫМАТОВНА | 09.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14571 | РАМАЗАНОВА | ЖАНАР | АКАТАЕВНА | 09.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14572 | ДЕРБИСАЛИЕВА | РОЗА | СУЛЕЙМЕНОВНА | 09.08.2017 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 14573 | ШАЙХИН | ЖАНИБЕК | САКТАПБЕРГЕНОВИЧ | 09.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14574 | ЖУСУПБЕКОВА | ЛАЗЗАТ | ИБРАШЕВНА | 10.08.2017 | Толық емес отбасылар |
| 14575 | ЖАРОВА | АЛУА | КУДАБАЕВНА | 10.08.2017 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 14576 | МОЛДАБАЕВА | АСЕЛЬ | САЙЛАУОВНА | 10.08.2017 | Толық емес отбасылар |

*(Жалғасы бар)*

## ӨМІРДЕН ӨТТІ ЖАҚСЫ АДАМ



13 шілдеде қазақтың қабырғалы қаламгері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы дүниеден озды.

Қ.Мұханбетқалиұлы саналы ғұмырында қаламды жанына серік етіп, соңына өшпес мұра қалдырған, қаламгерлігі мен қайраткерлігі жоғары деңгейдегі асыл азамат еді. Ол еңбек жолын Ақтөбе облыстық телевизия және радио комитетінде редактор, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер ретінде бастады.

Алматыдағы «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарды.

Қажығали аға – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар танымал жазушы. Оның «Мінез», «Ескі достар», «Қаңтардың қара суық түні», «Қарымта» сынды шығармалары жетпісінші, сексенінші жылдардағы қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін суреттеген. Сонымен қатар қазақтың XVIII ғасырдағы отаршылдық езгіге қарсы күресінің басшысы, әрі би, әрі батыры Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, «Сырым Датұлы» атты жинағы, «Тар кезең» атты романы, әдебиет пен өнер, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақалалардан тұратын «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда» атты кітаптары жарыққа шықты.

Сондай-ақ, бірқатар қаламгерлердің шығармаларын (Р.Акутагава, С.Чубек, Л.Хонвано, Я.Брыль, Л.Колодезный, Дж.Одинаев, Х.Абдуллин, Т.Жұмагельдинов, т. б.) қазақ тіліне аударды.

Жазушыға 2002 жылы «Байғанин ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. 2003 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды. Тәуелсіздігіміздің негізіне айналған ұлттық қозғалысқа арналған «Тар кезең» тарихи романы үшін 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Ескі достар» атты шығармасы әлемнің 16 тіліне аударылды.

Қажығали Мұханбетқалиұлы арамызда болса қазақ әдебиетін әлі де тың шығармаларымен толықтырар еді. Амал қанша, тағдырдың жазғаны, дәм-тұзының таусылғаны осы болар...

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі Қажығали Мұханбетқалиұлының отбасына, туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат, жатқан жері жарық, топырағы торқа, арты қайырлы болсын!

---

Алматы ауданы әкімі аппаратының ұжымы Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Нұр-Сұлтан қаласы Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының басшысы, профессор

**Нұрлан Жұмағұлұлы Батпеновтың**

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Алматы ауданы әкімі аппаратының ұжымы Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары

**Қосман Қайыртайұлы Айтмұхаметовтің**

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесі қалалық мәслихаттың депутаты Саят Нұрланұлы Батпеновке әкесі

**Нұрлан Жұмағұлұлы Батпеновтың**

мезгілсіз орны толмайтын қазаға ұшырауына байланысты қатты қайғырып, көңіл айтады.

---

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты өмір бойы Ақмола облысы мен елорда игілігі үшін жұмыс атқарған Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары

**Қосман Қайыртайұлы Айтмұхаметовтің**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыға ортақтаса отырып, туыстары мен жақындарына көңіл айтады. Қосман Қайыртайұлы туралы жарқын естеліктер оны білетін адамдардың жүрегінде мәңгі сақталады.

# ПАНЧЕР

**Кәсіпқой бокста қазақ жанкүйері үміт артқан боксшының бірегейі – Садриддин Ахмедов. 2016 жылы Санкт-Петербургте өткен жастар арасындағы әлем чемпионатынан алтын медаль әкелгенде бокс мамандарымен қатар көпшілік те «Осы бала бұйырса Олимпиаданың да, әлемнің де чемпионы болады» деп жарыса айтып жүретін. Осы тұста Қазақстан ұлттық құрамасы сапына да шақырылған еді. Алайда, жас боксшы ойламаған жерден кәсіпқой боксқа ауысып кетті...**



Кеше «қазақстандық панчермен» елордамызда кездесіп, біраз әңгіме өрбіттік.

**– Садреддин, қал-жағдайыңыз жақсы ма, демалыста жүрсіз бе?**

– Иә, қазіргі жағдайға қарай, яғни, спорт жарыстарының шектелуіне байланысты демалыста жүрмін. Өз елімде, өз жерімде демалғаным дұрыс болар деп шешкен едім.

**– Көк туды желбіретіп шығатын әр жекпе-жегіңді көріп тұрамыз. Қазір қайда тұрып жатырсыз?**

– Мен қазір Канаданың Монреаль қаласында тұрамын. 2017 жылы осы қалада тіркелген «Eye of the Tiger Management» промоутерлік компаниясымен шартқа отырған едім. Содан бері Марк Рэмзи деген тәжірибелі бапкермен бірге жаттығып, жарыстарға осы жақта дайындаламын.

Ал жекпе-жектерімді жерлестерімнің көретініне мен де қуаныштымын.

**– Кәсіпқой бокста қанша айқас өткіздіңіз, алғашқы айқасты ұмытпайтын шығарсыз, қалай дегенмен жастай кеттіңіз ғой.**

– Екі жылдай уақытта 11 жекпе-жек өткізіп үлгеріппін. Бұл көп пе, аз ба, білмеймін, әйтеуір әр жекпе-жекте алдын ала ойластырған тактикалық жоспарларымыз орындалып жатқандай. Ал алғашқы айқасым туралы айтсам, бірінші рет кәсіпқой бокстың шаршы алаңына шығайын деп тұрған соң бір қобалжудың болғаны рас. Дегенмен, мен өзіме сенімді болғанымды да айтқым келеді. Өйткені, осыған дейін ересектер арасындағы бір-екі үлкен турнирлерде («Король Кубогы». 2017 жыл, Тайланд. ҚР Президентінің Кубогы. 2017 жыл, Қазақстан. Ғ.Қ.) жеңіске жеткен едім. Жекпе-жек Квебек-Сити қаласында өткен. Қарсыласым мексикалық Тони Баррерас та осал емес екенін білдім. Бірақ жекпе-жекке шыққанда бәрін ұмыттым да бірден шабуылға кірісіп кеттім... Сөйтіп дүркін-дүркін соққан ұрыстарымнан қарсыласым бірінші раундта нокаутқа түсті.

**– Кәсіпқой бокстағы жастар арасындағы чемпион атағын жеңіп алған сәтіңізді еске алып көрейікші... Сонымен қатар жастар арасындағы WBC Asia тұжырымы бойынша да чемпион екеніңізді білеміз.**

– Бұл менің жетінші жекпе-жегім болатын. WBC тұжырымы бойынша жастар арасындағы әлем чемпионы деген атақ та бар екен. Жасым да, көрсеткіштерім де келіп тұрған соң қатысуға шешім қабылданды. Он раундтық бірінші жекпе-жегім еді. Сондықтан да өте қызу дайындық жүргіздік. Қарсыласым мексикалық Абрахам Хуарес болды. Бұл жекпе-жекті төртінші раундта аяқтадым. Төрешілер техникалық нокаут деген шешім шығарды. Бұл жекпе-жек Монреальда өткен еді, ал бұл қалада менің жанкүйерлерім көп, «панчер» деп еркелетіп қояды. Иә, кәсіпқой бокстан жастар арасындағы Азия чемпионы атанғанмын.

**– Соңғы жекпе-жегіңіз қашан өтті? Келесі жекпе-жекті қашан өткізуді жоспарлап отырсыз?**

– Соңғы жекпе-жекті 2019 жылы 7 желтоқсанда аргентиналық Хосе Антонио Вильялобос есімді боксшымен өткіздім. Жетінші раундта нокаутпен жеңіске жеттім. Ал алдағы уақытта өтетін жекпе-жектерім туралы нақты ештеңе айтқым келмейді. Негізі шарттарға сәйкес осы күзде шығуға тиіспін. Бірақ қазіргі пандемия жағдайына байланысты нақты айту қиын. Құдай бұйырса уақытында көрерсіздер. Жалпы, менің басты мақсатым кәсіпқой бокстағы негізгі тұжырымдардың бірінде чемпион болу. «Канело» деген боксшымен «төбелессем» деген арманым бар.

**– Боксқа қалай келгеніңізді айтып өтсеңіз?**

– Мен Оңтүстіктің Жетісай қаласында туғанмын. Астанаға көшіп келгеннен кейін боксқа бардым. Он жасымда Мәулен Мұстафин есімді бапкердің қол астында жаттығуды бастаған едім. Сегіз-тоғыз жылдай жасөспірімдер мен жастар арасындағы жарыстарда шыңдалдым. Шамалы уақыт ересектер жарыстарына қатыстым да, біржола кәсіпқой боксқа ауысып кеттім.

**– Әңгімеңізге рақмет, жеңісті күндеріңізді көре берейік.**

**Әңгімелескен**
**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

# «БАРЫС» КАРАНТИН ШЕКТЕУІН КҮТЕДІ

**КХЛ президенті Алексей Морозов астаналық «Барыс» хоккей клубының жаңа маусымға қатысатынына алаңдаушылық білдірді.**

«Қазақстандағы, сондай-ақ КХЛ чемпионатына қатысатын басқа елдердегі жағдайды ұдайы назарда ұстап отырмыз. Бізді Қазақстандағы жағдай алаңдатып отырғанын жасырмаймыз. Алайда «Барыс» чемпионаттан бас тартып отырған жоқ. КХЛ-дың жаңа маусымы енді біржарым айдан кейін басталады. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы эпидемиялық жағдай түзеледі деген ойдамыз. Қазақстандық команданың маусымалды жаттығу-жиынына мүмкін бір өзгерістер енгізілетін шығар. «Барыс» негізі тұрақты чемпионатқа қатысудан бас тартып отырған жоқ. Жылда өтетін дәстүрлі «Қазақстан Президентінің Кубогы» турнирін өткізуді де жоспарлап отырғаны белгілі» деді КХЛ.ru ақпарат агенттігіне берген сұхбатында А.Морозов.

Өткен маусымда Гагарин кубогының екінші айналымына өтіп, жанкүйерлерін қуанышқа бөлеген «Барыс» командасы елдегі төтенше жағдайға байланысты әрі қарай жарысты жалғастырудан бас тартқан еді.

Ал қазіргі жағдайда команданың ойыншылары жеке жүйедегі жаттығуда жүр. Елдегі карантин шектеуі аяқталғаннан кейін команданың жаңа маусымдағы жоспары жарияланады.




# ФУТБОЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛА МА?

**Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы отандық клубтардың басшыларымен бейнеконференция өткізді.**

Күн тәртібінде OLIMPBET-футболдан Қазақстан чемпионатының премьер лига, бірінші, екінші лигалардың және Қазақстан Кубогының ойындарын өткізу талқыланды.

Клубтарға елде орын алған эпидемиологиялық жағдайға байланысты жасалған арнайы жоспар ұсынылды.

Клуб басшыларына чемпионаттың бірнеше турын бір қалада өткізуге ұсыныс жасалды. Чемпионатты жалғастыруға арнайы Комиссиямен қарастырылған бір вариант – ол Алматы және Талғар қалаларындағы тексеруден өткен 4 стадионды пайдалану. Орталық және «Жас Қыран» стадиондарына жарысты өткізуге рұқсат берілген. Ал Т. Сегізбаев атындағы аренада және Ұлттық құрамалар базасында бірқатар кемшіліктер бар. Егер аталған кемшіліктер жойылса бұл стадиондарда ойындарды өткізуге рұқсат берілуі мүмкін.

Бірінші лига командалары арасындағы Біріншілікті екі конференцияға бөліп, тек қана бір айналым өткізу ұсынылды. Бұл лиганың кездесулерін де бір локацияда өткізу жоспарлануда, аталған орын кейін белгілі болады.

Екінші лига командалары арасындағы біріншілікке қатысты Қазақстан футбол федерациясының тарапына мемлекеттік органдардан елде орын алған жағдайға байланысты кәмелетке толмаған ойыншылардың қатысуымен өтетін барлық жарыстардан бас тартуға ұсыныс жасалды. Бірақ ҚФФ және ҚКФЛ бұл турнирді эпидемиологиялық жағдайдың орнығуымен шектелген уақыт ішінде өткізу жолдарын ойластырып отыр. Қазіргі уақытта аталған турнирді өткізбеуге нақты шешім қабылданған жоқ.

Қазақстан Кубогын өткізу негізгі чемпионат жалғасқаннан кейін қарастырылады.

Аталған жоспарлар Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт және Денсаулық сақтау министрліктерімен міндетті түрде келісіледі. Барлық жарыстар коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу Мемлекеттік комиссияның рұқсатымен ғана өткізіледі.


Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT
Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДІЛОВ**

Бас редактордың міндетін атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы — 15 000
Тапсырыс №84
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru